



№6 (192), 2024
(Маусым-Июнь)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Н. ЕСЕНҒАЗЫ

Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер!3

М. АСЫЛХАНОВА

Бастауыш сынып оқушыларының ес процесін зерттеу
жайында6

Г. АЛЖАНОВА

Дарынды оқушыларды психологиялық қолдау12

Т. ЗАУРЕНБЕКОВА

Оқушылар арасындағы мінез-құлық ауытқулары мәселесін
шешуде психологиялық анықтау мен түзетудің
алатын орны.....16

Н. ҚОРБАНОВА

Өзіне-өзі қол жұмсау тығырықтан шығар жол емес...19

Г. ТОКСАНОВА

Оқушы темпераментімен санасу22

М. ҚОСТАНОВА

Отбасындағы тәрбиеге психологтың көмегі28

Г. ОЛЖАБАЕВА

Ата-аналарға арналған психологиялық тренинг31

А. АБДРЕШЕВА

Отбасы құндылықтарын қалыптастыруға арналған
психологиялық тренинг34

Н. СҮНДЕТБАЕВА

Жеткіншектердің қарым-қатынас дағдыларын дамыту
сабағы36

Б. МАМБЕТБАЕВА

Технологии педагогического взаимодействия37

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

М. АХМЕТОВА

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

20. 06. 2024 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл. пошта:

pedagog-ltd@mail. ru

Журнал <<Print
House GERONA>>

типографиясында
басылды.

Алматы қаласы, Сәтбаев
көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

М. Ахметова – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал МГУ им. М.В. Ломоносова)

М.П. Кабакова – канд. психол. н., профессор
(Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

А.Х. Кукубаева – д. психол. н., проф.
(Кокшетауский унив. им. Абая Мырзахметова)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Астана қ.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
М. АХМЕТОВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от 20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 20. 06. 2024 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел. /факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер!

Н. ЕСЕНҒАЗЫ

Тәуелсіздіктің арқасында, Қазақ Елін, Қазақ Халқын әлем таныды және мойындады. Тәуелсіздік символы – Мемлекеттік Туымыз, Әнұранымыз, Елтаңбамыз. Ту – ұлттың бірігуіне ықпал етеді. Ұлттық сананың биіктігін көрсетеді. Тәуелсіздік – еркіндік пен азаттықты ғана алып келмей, сонымен қатар, ұлтымыздың санасын өзгертті, сапасын жақсартты, өзін танытты. Тарихи танымның ар жағында Ұлттың болмысы, санасы, дәстүрі мен салты, кәсібі, ұстанымы, тәрбиесі бірде әлсіреп, бірде жетіліп ғасырлармен бірге жасасып келеді. Тарих – тәрбиеші, ұлттың бағдары, жол сілтеушісі. Тарихы бекем жасалған халық дұрыс бағыт алады.

Қазақ ұлттық құндылықтары – халқымыздың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, діні ұлтымыздың рухани байлығы. Сол ұлттық құндылықтарымыздың арқасында біз өзіміздің ұлттық қалпымызды сақтап, әлемге танылып отырмыз. Сондықтан да кешеден бүгінге сол құндылықтарымыз қалай жетті, ертеңгі күнге жеткізе аламыз ба? – деп алаңдауымыз керек.

Бала тәрбиесін бала іште жатқаннан бастау керек. Жүктілік 9 ай, 9 күн деп айтамыз. Тоғыз саны – тоғыз ай, тоғыз күнге тікелей қатысты. Бала ана құрсағында тоғыз ай, тоғыз күн жатып туылады.

«Білгенің тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз»! деп айтамыз. Қазақ халқында тоғыз деген қасиетті сөз бар. Осы тоғыз сөздің мағынасын ата-ана жаттап алып, ұрпақтарына түсіндіріп отыруы керек. Ол қасиетті сөздер Алла, Қазақ, Ата, Ана, Аға, Апа, Іні, Наң, Ауа. Бұл Құдайдың құдіреті. Қазақ ұлтының ұлы дәрежесі. Қазақ халқының маңдайына жазылған Алла тағаланың нығметі. Осы тоғыз сөздің мағынасын ұрпаққа үйретіп отырсақ, түсіндірсек, жастар сегіз қырлы, бір сырлы болады. Тоғыз сөздің мағынасын түсінген адам тоқсан тоғыз Алланың көркем есімдерін өздері тауып алады.

Тоғыз құмалақ – ақыл ойды дамытуға арналған қазақ ұлттық ойыны. Отбасында жиі тоғызқұмалақ ойнап отырса, жастар өскенде талантты болады.

Ақтөбе қаласы, Баишев білім корпорациясына қарасты Бопай ханым жоғары медициналық колледжінде «Қазақ ұлттық құндылықтары» бойынша үгіт-насихат қоғамдық жұмыстарымен айналысатын 12 әр түрлі бағыттағы клубтар жұмыс жасайды:

1. Баишев білім корпорациясының «Тағылым» күміс еріктілер клубы;
2. «Саналы ұрпақ» клубы;

3. «Жас сарбаз» әскери патриоттық клубы;
4. «Ел мұрасы» патриоттық клубы;
5. «Еркін сөз» пікірсайыс клубы;
6. «Абзал жандар» отаншыл клубы;
7. «Ашық жүрек» клубы;
8. «Әлия» патриоттық клубы;
9. «Сырғалым» қыздар клубы;
10. «Шаңырақ» достық клубы;
11. «Ұлағат» әкелер клубы;
12. «Айтұмар» студенттік театр клубы.

Жастарды қазақ ұлттық құндылықтар бойынша тәрбиелеу үшін ата-ана қазақ халқының тілін, ділін, дінін өздері жақсы біліп, орындап, қолдап, құптап ұл-қыздарына үлгі көрсету керек.

Қазақ тілі:

Тілде халықтың бүкіл болмысы, рухы, ішкі жан-дүниесі көрініс табады.

Қазақ ұлттық құндылықтары қазақ тілінен бастау алады. Ал қазақ тілі сенің аты-жөніңде көрініп, білініп тұру керек. Аты-жөнің қазақ тілінде болмаса сен қазақ тілі жөнінде әңгіме айтпай-ақ қой. Қазақ тіліндегі әдебиеттерді, тарихымызды, жыр-дастандарымызды, термелерімізді, мақал-мәтелдерімізді балаларымыз кәмілетке толғанша оқытып алуымыз қажет.

Ел мен жерді қазақ тілін біліп ғана қорғай аламыз. Тіл мен әдебиет – ұлттың жаны мен жады, оның бет-бейнесі, өткені, бүгіні мен болашағы. Тілді қорғау – ұлтты қорғау. Ана тілі – ұлт жүрегі, ұлт тілегі. Тілдің болашағы – ұлттың болашағы! Қазақ тілінде берілетін білім мен біліктілік ғана жастардың намысын оятады. Білімді ел – озады, ғылымсыз ел – тозады. Елімізде қазақ тіліндегі білім мен ғылым саласына үлкен қамқорлық жасалу қажет. Өйткені, кез келген қоғам – адами капитал арқылы дамиды. Қазақ ұлттық құндылықтарды қалыптастыратын да, дамытатын да білімді, білікті кәсіби мамандар. Сондықтан да қазақ тіліндегі білім мен тәрбиені бір алақанның екі жағы деп қарау қажет. Халық аузында жүрген қазақ тіліндегі мақал-мәтелдің немесе тыйымның өз тәрбиелік мән-мағынасы бар екенін ескерген жөн.

Діл

Жаһандануға сіңіп кетпеу үшін ділімізді сақтап қалуымыз қажет. Дархан даланың кеңдігіндей халқымыз ұлттық салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, мәдениетке, өнерге, спортқа, тағамға, киімге өте бай. Ұлт пен ұлттың бір-бірінен айырмашылығын осы байлыққа қарап ажыратуға болады.. Ата-бабаларымыздан келе жатқан діл – ұлттық болмысымыздың көрінісі. «Салтын сақтаған ел жойылмайды» дейді дана халқымыз. Атадан көргенді қайталау ұят емес, оны біліп тұрып істемеу ұят екенін жастардың санасына жастайынан отбасында сіңіре беру керек.

Дін

Жастарға қазақ тілін және ділін толық үйретіп барып, кәмілет жасқа тол-

ғасын ғана дәстүрлі дінімізге бет бұру керек. Ислам – Қазақ халқы ұстанған дін. Мазхаб (мұсылмандық құқықтық мектеп) – Абу Ханиф имамның мектебі. Уәкілетті орган – Қазақстандағы мұсылмандардың рухани басқару (ҚМРБ).

Бұл – дүниенің тіршілігін ұмытып, сәждеге бас қою ғана емес екенін түсіндіру. Алла тағаланың жолымен жүрген, білімді адам ғана толық адам деп есептеледі. Бұл – білім, ғылымды дамытып, елге адал қызмет ету, әділдіктің ақ жолынан таймау, кісі ақысын жемейтін азаматты толық адам деп айтуға болатынын жастарға түсіндіруіміз қажет.

Имандылық бар жерде – тәртіп те, бейбітшілік те, адами құндылықтар да сақталады. Сонда ғана ұлттық құндылығымызды жаңғырта аламыз, дамыта аламыз.

«Егесіз ел азар, иесіз жер тозар» деген мақал бар. Ұлан ғайыр даланы бабаларымыз көзінің қарашығындай сақтады. Қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен қорғады. Қазақтың жері – қасиетті. Ол бүгінгі жаһандық тайталас кезіндегі ұлттық бірегейліктің символы болып қала береді.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», - деп тілдің ұлт үшін қандай маңызы бар екенін бір ғана ауыз сөзге сыйдырған еді. Тілді қорғау – ұлтты қорғау. Ана тілі – ұлт жүрегі, ұлт тілегі. Тілдің болашағы – ұлттың болашағы! Қазақтың тілінен қазақ халқының қаншалықты кемеңгер халық екендігін аңғаруға болады.

«Дауға салса алмастай қаған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған әрі байырғы, әрі мәңгі жас отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?!

«Туғанда дүние есігін ашады өлең. Өлеңмен жер қойнына кірер денен», - дегендей, Қазақтың ұлттық болмысын ұлы кемеңгеріміз Хәкім Абай Құнанбайұлы секілді бір ауыз сөзбен шеберлікпен ешкім суреттеп бере алмас.

Ұлттық болмыс, оны дәріптеу отбасына, ошақ қасынан басталады. Отбасы – тәрбиенің тамаша мектебі. Үлкенді сыйлауға, ана тілін ардақтауға, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиеленсек, ұшқанда да соны іліп, жүрген жерімізде сол құндылықтарды дәріптейміз. Расында, ұлттық дәстүр және отбасылық тәрбие – отаншылдықтың бастауы екенін ұмытпайық. Баланы бесіктен тәрбиелеу – ұлттық ұғым кепілі.

Қазақ ұлттық құндылықтар қазақ халқын құрметтеуден басталады. Ұлтты құрметтеу – атап өткен барша ұлттық құндылықтарды дәріптеу, құрмет көрсету, сақтау. Ұлтсыздану ұлтты, мемлекетті әлсіретеді. Қоғам дамуын тежейді. Бұл – тарихи шындық. Сондықтан тарих, замана алдындағы ұлы сынақ кезінде біз өз таңдауымызды жасадық. Әлемдік озық құндылықтарды игере отырып, оны ұлттық құндылықтарымызбен байыта береміз. Қазақ халқы ерте кезден бастап даналығымен, даралығымен, ақылдылығымен, көрегендігімен ерекшеленіп келеді.

Азаматтың жақсысын сегіз қырлы, бір сырлы деп айтамыз. Осы сегіз

қырлы дегеніміз: Тектілік, Бекзадалық, Көңілдің ашықтығы, Мәрттік, Ілім мен білім, Батырлық Байлық, Парасаттылық. Ал бір сырлы дегеніміз имандылық. Жігіт сегіз қырлы болғанымен имансыз болса халыққа пайда әкелмейді екен. Сондықтан сегіз қырлы, иман жүзді азаматтар көп болсын!

Төле би атамыз айтқандай:

«Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,

Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.

Өзің білмесең, білгендерден үйрен,

Үйренгеннен ештеңе кетпейді». дегендей ата-ана өздері білмесе білетін адамдарды үйіне қонаққа шақырып, не болмаса баласын ертіп барып, батасын алу қажет.

Әйтеке би атамыз айтқандай:

«Сау дене, азат ақыл, адал көңіл - үшеуінен болады бақытты өмір» дегендей Бақытты, бала-шағалы, бай-дәулетті ұзақ өмір сүрулеріңізге тілек-теспін! Ел амаң, жұрт тыныш болсын! Қазақ Елінде қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман орнасын!

Бастауыш сынып оқушыларының ес процесін зерттеу жайында

М. АСЫЛХАНОВА

Ес – басқа таным процестері сияқты күрделі психикалық процесс.

Ес – айналамыздағы қоршаған сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының миымызда сақталып, ұмытылып, қайтадан жаңғыртылып, танылуын бейнелейтін процесті айтамыз. Ес ішкі қарама-қарсы қайшылықтарға толы процесс, әрі адамның сыртқы дүниемен қарым-қатынас жасау процесінде туындап отырады. Ес сұраққа жауап іздеуден, сұраққа жауап қайтарудан, мәселені шешуден оның мән-мағынасын түсіне білуден жақсы байқалады.

Сыртқы дүниені толық тануға түйсік, қабылдау, елестер жеткіліксіз болады. Түйсік пен қабылдау да сыртқы дүниенің заттары мен құбылыстары, бірақ қарапайым қортындылар сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының ішкі құбылыстарын оның қажетті қатынастары мен байланыстарын жөнді ашып бере алмайды. Адамның ес процесі түрлі мәселелерді бір-біріне жанастыра отырып шешуде өте жақсы көрінеді дей келіп, ғалым психолг Қ.Б. Жарықбаев: «Ес процесі дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс қатынастарының миымызда жалпылай және жанама бейнеленуі», - дейді.

Ал, психолог А. Алдамұратов ес процесіне мынандай анықтама бер-

ген: «Ес процесі дегеніміз – әлеуметтік жағдаймен ұштасқан психикалық процесс, сол арқылы болмыстың дүниедегі нәрселердің жалпы және жанама бейнеленуі. Бұл бейнелену адамның талдау және біріктіру әрекеттері арқылы танылады. Ес процесі адамның өмір тәжірибесі мен практикалық іс-әрекеттері нәтижесінде пайда болып, тікелей сезім процесінің шеңберінен әлде қайда асып түседі», - деген.

Кез келген баланың есі дүниеге келген күннен бастап дамып жетіле бастайды. Өмірге келген күннен бала айналасындағыларды біртіндеп тани бастайды сол арқылы ғалымдар тану процесінің өте ерте көрінетіндігін дәлелдеген. Баланың есінің дамуына айналасындағы адамдармен, қоршаған заттармен, құбылыстармен қарым-қатынас жасауға талаптанып талпынады. Мектепке дейінгі кезеңде баланың ес процесі көп жағдайда ойын арқылы дамиды, әрі сол ойын үстінде баланың қимыл-қозғалысы ширап көргендерін есіне сақтай бастайды. Бала мектепке келгеннен кейін логикалық есі тез дамып үлкен роль атқарады, оқушылардың есін тәрбиелеуде мұғалім баланың жас ерекшелігіне және әр баланың дара ерекшеліктеріне көңіл бөле отырып тәрбиелеу қажет. Мысалы: мектепке жаңа келген балаға мұғалім партада қалай отыру керек, үйге барғанда сабаққа қалай дайындалуды, кітапты қалай оқуды, т.б. ұдайы ескертіп отырады. Төменгі сыныптың оқушылары көп жағдайда оқулықтағы сөздерді тез жаттап алады, бірақ ол сөздердің мағынасын түсінбейді. Сондықтан мұғалім баланың сөздік қорын дамыта отырып, оқулықтағы материалды өз бетінше дайындауға, өз бетінше айта білуге, оқыған материалдың мазмұнын түсініп оқуын, оқыған материалды өз сөзімен айта білуін ескертіп отыруы керек. Төменгі сыныптағы баланың есінің сапасы төмен болуы көптеген себептерге байланысты, жақсы ес деп механикалық есте қалдырудың көмегімен үздік дамыған мағыналы есте қалдыруды айтамыз. Мағыналы есте қалдырудың дамуы, біріншіден ол баланың психикалық тіршілігі не нәрсеге бағытталған, оның қызығулары қандай, міне осыларға байланысты. Мағыналы есте қалдыруда бала барлығын бірдей есте қалдыра бермей, көбінесе ең маңызды, қажетті, қызықты жерлерін ғана есіне сақтау. Екіншіден мағыналы есте қалдырудың дамуы баланың ақыл-ойының дамуына байланысты. Мысалы, көп білетін есті адамға, немесе балаға есіне сақтайтын жаңа материал үшін көп мағыналы байланыстар табу оңай. Көп жағдайда не нәрсені болса да түсіне білу керек, ал түсіну мағыналы естің негізгі арқауы екені өз тәжірибемізден мәлім. Естің дамуының негізгі шарты есте қалдырудың жақсы ұйымдасқандығында. Есте қалдырудың ұйымдасқандығы деп меңгерілетін білімді мағына жағынан топтауды айтамыз.

Есте қалған материалдардың жақсы ұйымдасқандығы өте тез және өте дәл қайта жаңғыртуды қамтамасыз етеді. Әр адам жүйелі түрде және ұйымдасқан түрде есте қалдыруға және қайта жаңғыртуға өзін үйрету, еске түсіру, еске сақтай білу, ұмытшақтыққа қарсы күрестің болуы бала-

ның өзіне байланысты, күнделікті есті дамытып, тәрбиелеп отыру тиімді.

Ежелгі грек философы Аристотель біздің жыл санауымыздан (384-322 ж.ж.) бұрын ассоциацияның үш түрін анықтап көрсеткен:

1. Шектестігіне немесе уақытына қарай, мысалы, туған үйің туралы ойлағанда онымен көршілес бау-бақшаны еске түсіру және т.б.;

2. Ұқсастығына қарай, мысалы, таныс адамның суретін көргенде оның өзін еске түсіру;

3. Контрастылығына қарай, мысалы, у-шуы көп қалаға барғанда, ауыл өмірінің тыныштығын еске түсіру және т.б.

Бұл байланыстардан ассоциациялардан басқа да байланыстың түрі бар оны психологияда мағыналы байланыс дейді. Мысалы: Құбылыстың екінші құбылысқа тәуелділігін еске түсіруді айталық; оқушы теорияны білмесе есепті шығара алмауы, белгілі бір материалды еске сақтау, есте қалдыру және оны кейін қайта жаңғырту – біздің миымыздың тамаша қасиеттерінің бірі. Е.А. Панко, Я.Я. Коломинский есті «жануарлардың әсіресе адам организмiнiң нағыз маңызды кереметi деуге болады», - деп тегін айтпаған.

Еске сақтауға мынандай психикалық процестер кіреді: есте қалдыру, білгендерін есте сақтау, білу және қайта жаңғырту, т.б. ес процестері есте қалдырудан, яғни заттар мен құбылыстардың арасында байланыстар жасаудан басталады. Есте қалдырудың физиологиялық негізі – үлкен ми сыңарлары қыртысында уақытша нерв байланыстарының жасалуын және сақталуын айтады. Есімізде сақталғандардың көпшілігін ырықсыз есте қалдырамыз, бұл ырықсыз есте қалдырудың нәтижесі. Ол адамның ықыласын аударғаны немесе оның сезіміне байланысты нәрселердің ерекше жақсы сақталуы. Әсіресе, балада қуаныш, ренішке байланысты нәрселер жақсы сақталады.

Ал ырықты есте қалдыруда адам өзін-өзі бір нәрсені есте сақтауға ұмтылдырады. Мысалы, мектепте ғылым негіздерін оқып-үйрену немесе белгілі бір мамандыққа даярлау, т.б. бұл ырықты есте қалдыруға жатады. Мағыналы есте қалдыруда ойлау процесінің мәні өте зор болады.

Механикалық есте қалдыру жоғарыда айтып өткендей тек қайталаудан тұрады, бұған көбінесе оқып отырған материалды түсінбей қайта қайталау жатады. Мысалы: Оқушы түсініксіз материалды жаттап алады, сонымен балалардың есі көп жағдайда үлкендердің есінен бөлектеу екені байқалып тұрады. Баланың миы өмірінің алғашқы жылынан бастап қоршаған заттар мен құбылыстарды ырықсыз есте қалдыруға өте икем келеді. Алғашқы балалық шақта мектепке дейінгі кезеңде алған білімі, бүкіл өмір бойы алған білімінен кем түспейді деп айтылған пікір тегін айтылмаса керек. Бұл кезде механикалық есте қалдыруды, кейде дұрыс түсінбесе де автоматты түрде игеруінің маңызы өте зор.

Көптеген материалды ырықсыз есте сақтау қабілеті жыл өткен сайын кеми береді, бірақ біржола жойылып кетпейді. Оның есінде ырықты

және мағыналы есте қалдыру тез дамиды. Бастауыш сыныптағы оқушылардың міндеті, есте қалдырудың осы екі түрін де ойдағыдай пайдалана білуге келіп тіреледі.

Мұғалімнің міндеті оқушының өзі айтып тұрған, нәрсенің қаншасын өзі түсінетінін, білетінін әрдайым біліп отыруы керек, әрі баланы материалды өз сөзімен айтып жеткізуге үйрету әрине дәлме-дәл айтылған: өлең, көркем проза үзіндісі, ережеден басқасы және тағы басқаларды үйрету орынды. Бала оқу материалын емін-еркін түсінгенде ғана оны айта алуы мүмкін, егер оқушы материалды түсініп, оны қайталап айтып беруге жаттықса онда бұл баланың ақыл-ойының, тілінің дамуына көмектеседі.

Бастауыш сынып оқушыларында көбінесе образды ес (көру арқылы еске сақтау, есту арқылы еске сақтау) жақсырақ дамыған, ал сөз – логикалық есі нашарлау болып келеді. Өте әсерлі көрнекілікпен байланысты нәрселердің бәрі тез есте қалып, көпке дейін ұмытылмайды. Оқыту процесінде балалардың мағыналық сөз – логикалық есі тез дамиды. Бала тек нақтылы ғана емес, кейбір абстрактылы ұғымдарды да игере бастайды.

Есте қалдырылған немесе қайта жаңғыртылған нәрселердің сипатына, мағынасына қарай ес процесі төрт түрге бөлінеді. Олар:

1. Қозғалыс немесе моторлық ес;
2. Образдық ес;
3. Сөз – логикалық ес;
4. Эмоциялық ес.

Адам өміріне байланысты күнделікті іс-әрекетіне қимыл-қозғалысына байланысты есте қалдырып және қайта жаңғыртып отыратын естің түрін қозғалыс немесе моторлық ес деп атайды.

Естің бұл түрі адамның, баланың қимыл-қозғалысқа байланысты болатын ойынының, еңбек әрекетінің қозғалыс дағдыларын қалыптастыруға байланысты, мысалы: коньки тебу, жазу жазу, спорттық ойындар ойнау, т.б. мектепке алғаш келген бала жазуға байланысты түрлі элементтерді меңгеруде алғашқы жазу кезіндегі қолдың қозғалыстары есінде жақсы сақталады. Айналамыздағы қоршаған заттармен құбылыстардың қасиеттерінің нақты бейнесін есте қалдыруда немесе қайта жаңғыртуда көрініп отыратын естің түрін образдық ес – деп атаймыз. Мысалы: актерлер мен суретші, архитекторлардың есі нақты көрнекті болып келеді.

Бала өмірінде ойлаудың, ойдың, сөйлеудің маңызы ерекше соған байланысты, бала оқыған сабағының мәтінін есте сақтау үшін сөз – логикалық есте сақтаудың маңызы зор. Мысалы: Ойлау жұмысына байланысты сөздің атқаратын қызыметі ерекше, бала өз ойының әр түрлі формаларын есте сақтау қабілетін сөз – логикалық ес дейміз. Естің оқу процесінде алатын орны ерекше, себебі; сөз формаларын есте сақтау ұғым, ой, пікір, ой тұжырымдары және тағы басқа немесе өткен тақы-

рыпты есте қалдыру оны қайта жаңғырту есі жөнді дамымаған адамға қиынға соғады. Мұндай сөз – логикалық ес процесі философтар мен математиктерде жиі кездеседі.

Баланың көңіл-күйіне байланысты есте қалдыруды эмоциялық ес дейміз. Мысалы: Баланың мектепке келгенде алғаш қуанып есінде қалған қызықты оқиғаларды есіне түсіруі және т.б. Бала бір нәрседен қатты қорықса да немесе қатты қуанса да ол жағдайды еш уақытта ұмытпайды. Естің жоғарыда айтылған түрлері екінші сигнал жүйелерінің мидағы қызыметімен байланысты болып отырады. Соңғы жылдары ғалымдардың дәлелдеулері анықтағандай естің басқа да түрлері болатындығы қолданылып жүр. Мысалы: адамның оқыған материалды қанша уақытқа есінде сақтай алатындығына байланысты қысқа мерзімдік және ұзақ уақыттық болып пайдаланылуда. Қысқа уақытта орындалатын естің түрін оперативті ес деп атаймыз. Оқушы текстіні көшіріп жазғанда оны түрліше жолдармен орындайтын болса буындар, жеке әріптер, сөздер, сөз тіркестерін көшіріп және т.б. онда ол оперативтік ес болып табылады. Мысалы: Бірінші қатардағы он сөзді оқып шығу керек, үш секунд өткен соң оқушылар есте қалғандарын жазады. Он минут уақыт өткеннен кейін екінші қатардағы сөздердің суретін көрсетіп, суреттің аттарын өздеріне айтқызып, отыз секунд уақыт өткен соң көрген суреттерінің аттарын жазулары тапсырылады. Тағы он минут уақыттан кейін үшінші қатардағы сөздердің арасына үш секунд уақыт салып дауыстап оқу тапсырмасы беріледі, ал оқушы сыбырлап іштей қайталап отырады.

Біраз минуттар өткен соң есте қалған сөздерін жазулары керек, тағы он минут уақыт өткен соң төртінші қатардағы сөздерді көрсетіп тұрып дауыстап оқуы керек, ал оқушы естіген сөздерін сыбырлап саусағымен ауада жазулары керек.

Осындай бірнеше түрлі жаттығу жұмыстарын жиірек жасап бірінші, екінші, үшінші, төртінші сыныптарда әр түрлі жағдайда жасалса естің ерекшеліктеріне қарай естің дәлдігімен есте сақтау процесін дұрыс жолға қоюға мүмкіндік туады. Ғалымдардың дәлелдеулеріне сүйенсек естің дәлдігі мен естің сапасын дұрыс дамытуға мүмкіндіктер мол. Кез келген адамда, балаларда естің дәлдігі ойдың ешқандай бұзылмай, ешбір жаңылмай өзінің ойының мағынасын бұзбай толық түрде айта білуі. Есі дәл дамыған адамдар, оқушылар сабақтың материалын еш қиналмай тез меңгеріп алады, мұғалім мұндай баланы зерек, зейінді оқушы дейді. Ал кейбір оқушылар берілген тапсырманың материалын қайта-қайта оқыса да біраз уақыт өткен соң материалдың мазмұнын есіне түсіре алмайды. Есте қалдыру процесінің ұзақ-қысқалығымен де ажыратылады. Кей оқушы немесе адамдар мен балалар берілген тапсырманы есінде ұзақ уақытқа дейін сақтап ұмытпайды, ал кейбір адамдар мен не оқушылар естіген нәрселерін тез ұмытып есіне түсіре алмай әуре болады. Мұны кейде естің беріктігі нормаға сәйкес дамыған немесе нашар деп айтып жатады. Психологтардың дәлелдеу-

лерінде көрсетілген мұндай жағдайларды мамандардың көмегімен қайта қалпына келтіруге болатындығын анықтаған. Баланың есте қалдыруы мен есте сақтауына мұғалім үнемі басшылық жасап қадағалап отыруы қажет. Сонда ғана баланың есінің дамуына ешқандай кедергілердің болмауы сабақты қабылдауы мен есіне сақтаған нәрселерін керек жерінде пайдалана білуіне мүмкіндіктер еш қалтқысыз болары сөзсіз.

Баланың ес процесін тәрбиелеп дамыту барысында оның бүкіл ақыл-ой, адамгершілік, парасаттылық қасиеттерін бірге жүргізіп, оқу мен еңбекке байланысты іс-әрекеттерінің, ерік-жігерін адамгершілік қасиеттерінің ең жақсы сапаларын қалыптастырып отыру керек. Үйде баланың ақыл-ойының дамуына жеткілікті көңіл бөлінген болса мектепке келгенде мұндай балалар сабақты тез меңгеріп айналасындағылармен тез тіл табысып кетеді. Мектепке жаңа келген бала сабақты жақсы меңгеріп кету үшін мұғалімнің қай сабақты болмасын көрнекті құралдарды көбірек пайдаланып өтілген материалды бала есінде ұзақ уақыт сақтап ұмытпауға жол бермейтіндей жағдайда сабақты қызықты әрі тартымды етіп өткізген тиімді.

Л.С. Рубинштейн: «Бала тәрбиелену мен оқыту барысында дамиды», - деген. Оқыту баланың мүмкіндігіне және белгілі даму деңгейіне сәйкес келуі керек, осы мүмкіндіктерді пайдалана отырып оқыту барысында жаңа оданда жоғары деңгейдегі мүмкіндіктер туындайды. Баланың келешегі үшін ең қажетті нәрсе білім ғана емес, алдымен оның ой-өрісі ауқымды, есте сақтау процестері нормаға сәйкес дамыған ауқымды дәрежеде ақылын дамыту болып табылады. Егер баланың есіндегі, ұғымындағы ой-өрісі ауқымды дамыған болса ол кейін өз бетімен кітаптағы мәтіннің мазмұнын түсініп, соған ие бола алады. Оқыту процесінде есте сақтау процесінің маңыздылығы, эволюциялық даму жолы өте ұзақ, әрі ес адамның өмір тәжірибесі арқылы танылады. Ес заңдылықтары мен ережелері сансыз қайталаудың және тәжірибеде тексерілудің нәтижесінде адам санасына бекіп зор шындыққа айналуында.

Қайта жаңғырту процесі елеспен тығыз байланысты, өйткені елесті түйсік пен қабылдаудан ойлауға өтердегі көпір деуге болады. Айталық қайта жаңғыртудың өзі екіге бөлінеді еріксіз және арнайы қайта жаңғырту болып. Еріксіз қайта жаңғыртуда адам алдына мақсат қоймайды, себебі оны іс-әрекеттің барысы туғызып отырады. Еріксіз қайта жаңғырту ол да белгілі жүйеде туындап отырады. Ал арнайы қайта жаңғырту адам алдына белгілі мақсат қою арқылы жүретін процесс, ол адамның ерік-күшін жұмсауды қажет етеді.

Ес процесінде болатын қате танулар мен қате қабылдаулар дұрыс тани алмау, зейін аударып дұрыс зер салмаудан, дұрыс қабылдамаудан болады. Ұмыту есте қалдыру процесіне қарама-қарсы процесс, күнделікті өмірге керек емес нәрселерді ұмытып отыру өте тиімді. Егер адам кез келген нәрселерді есінде сақтай беретін болса ол да зиян, себебі: мидың жұмысын қиындатып көптеген кедергілер туады.

Дарынды оқушыларды психологиялық қолдау

Г. АЛЖАНОВА

Дарындылық – белгілі бір әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі. Дарындылықты анықтаудың дайын үлгісі, әдіс-тәсілдері жоқ. Бүгінгі таңда дарынды балалар мәселесін зерттеуге қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерде маңызды ой-пікірлер жинақталған. Бұл мәселенің түп тамыры ғасырлар қойнауында жатыр.

Қабілеттілік пен дарындылық мәселесі Орта Азия мен қазақ ойшылдарын да толғандырған. Мысалы, Әл-Фараби «Бақытқа жету трактаты» еңбегінде этикалық мәселелермен қатар, адам қабілеттілігіне білім беруде түрлі озық әдіс-тәсілдерді қолдану жолдарына көңіл бөледі.

Абай «Жетінші қара сөзінде» баланың ақыл-ойы, қабілеттілігі туралы мынадай пікір айтады: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, таппайды. Біреуі – білсем екен деп, не көрсем соған талпынып, жалт-жұлт еткен болса, оған қызығып, аузына салып дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмытылып, онан ержетіпкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да тұра жүгіріп, «Ол немене?», «Бұл не?» деп, «Ол неге үйтеді?», «Бұл неге бүйтеді?» деп, көз көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен дегені».

Баланың білсем екен, үйренсем деген талабын ұштайтын, жеке ерекшелік қасиет, қабілеттерін ескере отырып, оларды біліммен, іскерлік дағдымен қаруландыратын, танымдық ой-өрісін және шығармашылық әлеуетін дамытатын мұғалім-ұстаздың ерекше мақсатты қажеттілігі жоғары.

Шәкәрім Құдайберді де «Насихат» атты өлеңінде өмірдің тұтқасы өнер мен білімде, өнерлі озады, білімді ғаламды билейді, ғылым таусылмас кең, оны жас күнінде үйрен деп насихаттайды.

Сондықтан қай уақытта да дарынды тұлғаны дамыту өзекті мәселе болған. Біздің Дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының қабілетті және дарынды балаларын педагог-психолог ретінде зерттеуіміздегі өзекті мәселе де: шығармашылық, даралық қасиеті бар тұлғаны дамыту. Туа және жүре қалыптасатын дарындардың қабілетін ашу. Лидерлік, тұлғалық, даралық қабілеті бар оқушылардың шығармашылық потенциалының кең ашы-

луына жағдай жасау. Яғни, бұлақтың дер кезінде көзін ашу. Дарынды оқушылармен жұмысты жүйелі ұйымдастыруды жолға қою мақсатында негіздемелер жасау.

Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, лицей оқушыларында интеллектуалдық ақыл-ой даму деңгейі жоғары болып келеді. Интеллектісі жоғары оқушылар өздерін мектептің үлгерімі жоғары, бірнеше байқау-жарыстардың жүлдегері ретінде көрсетсе, орташа деңгей көрсеткен оқушылар да оқуға өте жақсы бейімделіп, мектеп бағдарламасы ұсынған мүмкіндіктердің арқасында, өз білімі мен қабілеттерін жан-жақты жетілдіріп, жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Ал ақыл-ойлау деңгейін зерттеу бойынша орташадан төмен көрсеткен санаулы оқушылармен жыл басынан бастап мектеп әкімшілігі, педагог, тәрбиеші және психолог өзара әрекеттесе отырып, оқушылармен жекелеген, терең жұмыс жоспарын құрып, жыл көлемі бойы бірнеше қатар жұмыстарды жүргізуді жүзеге асырады.

Нәтижесінде осындай оқушылардың оқу деңгейі жоғарылайды.

2021-2024 оқу жылы аралығында оқушылардың қабілет түрін анықтау мониторингі:

қабілеттілік	2021-2022	2022-2023	2023-2024
математикалық	45,1%	65,2%	68 %
гуманитарлық	48,7%	79,7%	52%
шығармашылық	37,8%	62,3%	63%
спорттық	59,7%	82,6%	71%
лидерлік	50%	78,2%	82%
жаратылыстық	46,3%	42%	48%
технологиялық	45,1%	67%	72%



Оқушылардың қабілет түрлерін анықтау жұмысын алдын ала жүргізу арқылы оқушылардың шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсету үшін олардың қызығушылықтарын есепке ала отырып, қабілет ерекшеліктеріне орай мектебіміздегі пәндер бойынша шығармашылық топтарға тартуға, үйірмелер мен спорттық секция, т.б. тарту арқылы мектепішілік, облыстық, республикалық, халықаралық жарыстарға қатысуларын жүзеге асыра аламыз.

Мониторингтік зерттеуге қарап, лицей оқушыларының өз бойларындағы бар қабілет түрлерін жақсы, жоғары бағалайтыны туралы нәтижелер аламыз. Яғни, оқушылардың бойында лидерлікке қабілеттілік, математикалық та, гуманитарлық та, жаратылыстық та, шығармашылық та, спорттық та және технологиялық та қабілеттілік нышандарының белгілі бір деңгейіннің қалыптасқаны туралы қорытынды жасай аламыз.

А.И. Савенковтың «Дарындылық картасы» әдістемесінің мақсаты:

9-10 сынып оқушыларының дарындылығы қай бағытта ашылып отырғанын сараптау мақсатында интеллектуалдық деңгейлері анықталды

Әдістеменің негізі еңбек пәні бойынша 10 топтан құралған, кәсіптік қызметтерге бөлінген кәсіптердің жіктелуінен тұрады.

р/с	Сынып	Танымдық	Шығармашылық	Академиялық (ғылыми)	Көркем-бейнелеу	Музыкалық	Әдеби	Әртістік	Психологиялық	Көшбасшылық (лидерлік)	Спорттық
1	9 А	62,2	53	43,6	34	41	44	38,6	42,7	59,5	43,6
2	9 Б	62,5	54,4	51,6	29,4	33,8	35	40,5	30	65,5	43,3
3	10 А	58,5	62	47,5	27	37,3	28,5	36,2	31	55,2	34,9
4	10 Б	52,1	42,4	41,6	28,4	33,8	35	31,5	32	54,5	51,3
	%	58,8	53,4	46	29,7	36,4	35,6	36,7	34	58,6	43,2

Қорытынды:

Зерттеуге 9 және 10-сыныптар қатысты. Оқушылардың қабілет дарындылығы 10 бағыт бойынша анықталды. Оқушылардың 58,8% танымдық қабілет басым болса, ал 58,6 пайызда көшбасшылық, яғни лидерлік қабілеттері басым екені байқалды. 53,4% шығармашылық, 46% – академиялық, яғни ғылыми 43,2 пайызында спорттық және 36,7% әртістік, 36,4% – музыкалық, 35,6% – әдеби, психологиялық – 34; 29,7% – пайызында көркем бейнелеу қабілеттері жоғары екені анықталды.

Жаңадан қабылданған оқушылардың танымдық үрдістерінің есте

сақтау қабілеттерінің даму деңгейін зерттеу нәтижелері бойынша, сыныптың санды есте сақтауы да 83% – танымдық үрдістің жоғары деңгейі тән. Ал 75% – көру арқылы есте сақтауы жоғары деңгей көрсетті. Ал есту арқылы есте сақтау 54% екені анықталды. Сыныптың жетекші есте сақтау ерекшелігі болып санды есте сақтау болып табылады.

Лицейіміздегі педагогикалық ұжымның қажырлы еңбегі нәтижесінде бүгінгі күні мектебімізден түлеп ұшқан дарынды азаматтар еліміздің түкпір-түкпірінде аянбай еңбек етуде.

Оқушыларымыз мектепішілік, аудандық, облыстық, республикалық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр. Олимпиадалық тапсырмалармен қатар, қашықтық зияткерлік байқауларында, ғылыми жобалар жасауда да белсенділік танытады. Осының барлығы мектептің



дарынды балалармен жұмыс жүргізуді сауатты ұйымдастыруында деп білемін. Дарынды оқушылармен өткізген қас-қағым сәттің өзі ұстаздарды тоқтамай, әрі қарай ізденуге талпындырады.

Қорыта келгенде, әріптестеріме айтарым: дарынды баламен мұғалімнің өзара әрекет етуіндегі өте тиімді бір әдіс – баланың материалмен өзіндік жұмыс істеуіне басты мән бере отырып, жеке-дара сабақтар ұйымдастыру; баланың өзінің білім дәрежесіне орай, бейімділігіне орай және психикалық ерекшеліктерін ескере отырып сабақ жоспарын құрас-

тыру, қиын әрі шатасқан сұрақтар бойынша кеңес беру тақырыптарын анықтау, белгілі бір уақыт аралығында берілген білімнің нәтижесін тест тапсырмалары арқылы тексеріп отыру, алдындағы оқушыға немқұрайлылық танытпай, оның жан-дүниесіне үңіле білу.

Мұғалім өте қайырымды, әрі зерек болуы тиістігін естен шығармаған дұрыс деп ойлаймын.

Оқушылар арасындағы мінез-құлық ауытқулары мәселесін шешуде психологиялық анықтау мен түзетудің алатын орны

Т. ЗАУРЕНБЕКОВА

Қазіргі замандағы психология барлық ғылымдармен өте тығыз байланысты. Психология қай ғылыммен байланысса да, оның зерттеу объектісі жалғыз-ақ: ол – адам, оның психикалық процестері, қалыптары және күйлері.

Әсіресе, психологияның аса қажеттілігі педагогикадағы тәрбие мәселесіне келгенде ерекше байқалады. Педагогикалық тәрбиенің мақсаты даму жолындағы қоғам талаптарына сай жеке тұлғаны қалыптастыру. Ал бұл мақсатқа жету үшін жеке адамның қалыптасу заңдылықтарын, бағыт-бағдарын, қабілетін, қажеттілігін, эмоциялық-ерік аясын, дүниетанымын зерттеу қажет.

Қазіргі нарықтық қоғамда мектеп оқушылары арасында мінез-құлық бұзылуы салдарынан туындайтын тәртіп бұзушылық пен бұзақылық ұлғайып отыр. Осыған байланысты ата-аналардың, педагогтардың және мектеп психологтарының алдында бұның алдын қалай алуға болады деген мың сан сұрақтар, проблемалар туындайды.

Ал, бұлардың бәрінің шешімін табу үшін мектеп психологының қосатын үлесі өте үлкен. Өйткені, мектеп психологының ең негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың әр жас деңгейіндегі психикалық даму мүмкіндіктерін анықтау, белгілеу және дер кезінде көмек көрсету. Сондықтан, психологтар психологиялық анықтау жұмыстарын дер кезінде (ерте анықтау) және білікті түрде жүргізуі қажет. Психологиялық анықтау жұмыстарының мақсаты – баланың психикалық даму ерекшеліктері мен деңгейін анықтау және жоғары психикалық функциялары қызметінің жай-күйін бағалау. Сонымен қатар, психологиялық

анықтау барысында бала дамуының әлеуметтік жағдайын, тәрбиелеу жағдайлары мен түрлерін, отбасы ішіндегі қатынастардың сипатын толық айқындау қажет.

Өкінішке орай көптеген мектеп психологтары оқу үлгерімі төмен оқушыларға ғана назар аударады (ол да егер сынып жетекшісінің сұранысы болса ғана). Ал эмоциялық-ерік аясы бұзылуы салдарынан туындайтын мінез-құлық ауытқушылығы бар оқушылар саны болса күннен күнге өсіп келе жатқанымен, олар дер кезінде анықталып, психологиялық түзеу жұмыстары өз деңгейінде жүргізілмей жатыр.

Мінез-құлық ауытқушылығы (девиантты мінез-құлық) мәселесі – педагогикалық психологияның басты әрі маңызды мәселелерінің бірі.

Мінез-құлықтағы ауытқулар баланың эмоциялық-ерік аясының жеткілікті дамымағандығымен және оның бұзылуымен тікелей байланысты. Өз еркінің дамымағандығы нәтижесінде бала «өз қалауын» таппай, үлгі ретінде басқа адамдардың мінез-құлқын көшіріп алады.

Балалық шақ пен жасөспірімдік кезеңіндегі мінез-құлық ауытқушылықтарының пайда болуының бірнеше себептері бар. Олар: баланың жаратылысына байланысты әлеуметтік ортадағы кері әсерлерге тез бейімделуі, әлеуметтік тұрмыс жағдайының төмен болуы, жанұяда көп ұрыс-керістің болуы, балаға тәрбие беретін адамдардың жиі ауысып тұруы, тәрбие процесінің педагогикалық тұрғыдан төмен және жүйесіз болуы (асыра сілтеушілік немесе немқұрайдылық), әлеуметтік тұрғыдан теріс мінез-құлықты дамытатын айналадағы жат ағымдардың «субкультураның» болуы және баланың зиятының төмен болуы.

Мінез-құлқы бұзылған балалармен жұмыс істеу барысында олардың психологиялық ерекшеліктерін есепке алып отыру керек. Мінез-құлқында қиыншылықтары бар балаларда қоршаған орта өзіне қарсы тұрады деген ой болады. Өйткені баланың өзіне деген сенімі өзгелердің пікірі арқылы қалыптасады. Егер айналадағы адамдар балаға үнемі дұрыс қарым-қатынас жасаса, онда ол өзін осы сыйластыққа лайық екенмін деп санайды, ал егер керісінше, оның жасаған істерінің кемшіліктерін бетіне басып, ұрсып, жаратпай жатса, оған өзім лайық емеспін дегеннен басқа ештеңе қалмайды.

Мінез-құлқы бұзылған балаларға өзімшілдік, өзін-өзі төмен бағалау, қоршаған ортадан агрессивті түрде қорғану, қаңғырып кетіп қалу, алкоголизм, наркомания және т.б. тұлғаның патологиялық даму формалары тән болады. Және бұл жағдайда баланың әрекеті әр түрлі болады: өзінің кері іс-әрекет нәтижесінің (агрессивті түрдегі) қандай болатынын білмейді, адамдардың көзқарасын дұрыс түсініп бағалай алмайды, әрдайым көңіл-күйдің құлазуына бейім болады. Бұндай балалардың оқу үлгерімі көбінесе төмен болады және оқу дағдылары өз деңгейінде қалыптаспайды. Сонымен қатар, бұл балалар өз құрбыларымен дұрыс қарым-қатынасқа түсе алмайды. Мінез-құлқы бұ-

зылған балалар көбінесе өзінен үлкен немесе кішкентай балалармен жиі тіл табысады. Жасөспірімдер өзінің әлеуметтік теріс қылықтарын жасырмайды, өйткені олардың өзімшілдік сезімі өте жоғары болады, ал алып жатқан ескертулер мен жазалар олардың тек ішкі қарама-қайшылығын күшейте түседі. Мұндай балаларға әкімшілік жазаларды қолдануға болмайды (мыс: елдің көзінше ұрсу, пед.кеңестерде талқылау, т.с.с.)

Мектепте эмоциялық-ерік аясы бұзылған балалар жалпыға бірдей тәртіпке бағынбайды, шыдамсыз және ашуланшақ болады, сабақ үстінде тұрып кетіп, басқаларға кедергі келтіруі мүмкін.

Сондықтан, егер әр-бір ұстаз оқушының осындай ерекшеліктерін байқаса, ол балаға ерекше көзқараспен қарап, психолог маманның көмегіне жүгінуі қажет.

Ал, мінез-құлық ауытқуларына бейім балаларды ерте анықтау мен оларды түзеу жұмыстары мектеп психологтарының ең негізгі және маңызды міндеттерінің бірі болуы керек. Қазіргі таңда оқушылардың эмоциялық-ерік аясының ерекшеліктерін зерттеуге арналған көптеген әдістемелер бар. Солардың ішінде кеңінен қолданылатындары: «Розенцвейг тесті», «Баспалдақ» тесті, «жыныстық жас ерекшелік» әдістемесі, «Оқиғаны әнгімелеп бер» әдістемесі, Рене Жильдің тұлға аралық қарым-қатынастарды зерттеу әдістемесі, мектептік қобалжу деңгейін анықтау әдістемесі (Филлипс), акцентуацияны анықтау (Шмишек сұрақнама-тесті), А.Я. Варга мен В.В. Столиннің ата-аналық қатынасты анықтау әдістемесі. Мектеп психологы осы анықтау жұмыстарының нәтижелері бойынша психокоррекциялық жұмыстың жоспары мен бағдарламасын құрастырады. Эмоциялық ерік аясы бұзылған балалардың мінез құлқындағы ауытқуларды түзеу жұмыстары барысында шағын бағдарламалар қолданылады. Бұл бағдарлама балалардың бойында қоршаған ортаға деген сенімділікті қалыптастыруға, өздігімен басындағы мәселені шеше білуге, эмоциялық әсерлерін реттеуге, мінез-құлық стереотиптерін жоюға, «мен» бейнесінің үйлесімді болып қалыптасуына үйретеді.

Психологиялық түзеу жұмыстары барысында тренингтердің алатын орны ерекше. Тренинг барысында талданатын мәселелер күнделікті өмірде кездесетін қарапайым мәселе болуы керек. Мысалы: мектепте сені не толғандырады? ата-аналармен қарым-қатынаста қиындық неліктен туындайды? Біз неге көп ашуланамыз? Өз бойымызда қандай жағымды қасиеттерді дамытқымыз келеді? т.с.с.

Сонымен қатар тренингтер барысында қатты әсер, сезім туғызатын және кері байланыс туғызатын жаттығулар қолданылады. Тренинг кезінде психолог әр баланы толығымен тануға мүмкіндік алады. Бұл жұмыстардың нәтижесінде топтық ұйымшылдық артады, балалар арасындағы кикілжіңдер азаяды, өз құрбыларымен

және ересектермен қарым-қатынасы жақсарады. Жалпы айтқанда тренинг жұмыстарынан кейін көптеген жағымды нәтижелер көрініс береді.

Психологиялық анықтау жұмыстары неғұрлым ерте жүргізілсе, соғұрлым оқушылар арасындағы мінез-құлық ауытқулар мәселесін шешу нәтижелі болады. Сонымен қатар, психологиялық анықтау нәтижесі бойынша жүргізілетін түзеу жұмыстары дер кезінде орындалса, қоғамдағы көптеген келеңсіз жағдайлардың да алдын алуға болатын еді.

Өзіне-өзі қол жұмсау тығырықтан шығар жол емес...

Н. ҚОРБАНОВА

Суицидті зерттеп жүрген мамандардың пікірінше, дүниежүзінде әрбір 40 секунд сайын бір адам өз-өзіне қол жұмсайды екен. Тіпті, жылына 1 миллион адам өзін ажалға қиып, шамамен 20 миллион тұрғын өмірмен мәңгілікке қоштасуға әрекет жасайды. Өкінішке орай, солардың ішінде 8 мыңы Қазақстандықтардың еншісінде. Бұл дегеніңіз, республика бойынша сағат сайын бір адам өз еркімен өмірмен қоштасады деген сөз.

Жалпы суицид дегеніміз не деген сұраққа жауап берелік. Суицид (лат. *Sui caedere* – өзін өлтіру) – адамның өзіне-өзінің қиянат жасап өз өмірін қиюы. Бұл терминді 1947 жылы итальян психологы Г. Дзэн енгізген. Ол бұған «өзін-өзі өлтіруге әрекет ету» деген түсінік берді.

Зерттеулерге көз жүгіртсек, суицидке итермелейтін негізгі себептер: ауыр әлеуметтік жағдай; ата-аналардың бөлек тұруы және ажырасуы; ата-аналардың психикалық ауру белгілері; отбасындағы суицидтік оқиғалар; тұқым қуалаушылық; отбасындағы конфликті; балалық шақтағы зорлық-зомбылық; есірткі, психотропты заттарды шектен тыс пайдалану.

Жоғарыда көрсетілгендерден басқа жасөспірімдердің өміріне қауіп төндіретін ғаламтордың да кеселі осал емес. Отбасылық және қоғамдық тәрбиенің жоқтығы, зорлық-зомбылыққа толы компьютерлік ойындар, атыс-шабыс, қан төгіске толы фильмдердің тікелей әсері жетерлік.

Ата-анасы балаларын өзгелерден кем етпеймін, жоғын бүтіндеп, тамағын тоқ етемін деп, күндіз-түні жұмыс істеп ақша табамын деп

жүргенде, ертелі-кеш компьютердің алдына байланған баланың бойында тәуелділік, виртуалды әлемге қызығушылық күшейеді. Алайда ол шынайы өмірмен бетпе-бет кездескенде жолындағы қиындыққа төзе алмай, өз өмірін қиюға әрекет етеді. Одан басқа жұмыстан айырылу, оқудан шығып қалу, жауапсыз махаббат сияқты сәтсіздіктер тағы бар. Көздеген мақсатына жете алмай, қиындыққа төзе алмаған бозбала мен бойжеткен суицидке жақын тұрады.

Біздің санамызда суицидті ешкім тоқтата алмайды, ол міндетті түрде орын алады, суицид туралы ойы бар адамдар өз жоспарын ортаға салмайды, өз-өзіне қол жұмсайтын адамдар олай жасамайды, адам өз-өзіне қол жұмсаймын деп шешкеннен кейін оны ешкім тоқтата алмайды, өз-өзіне қол жұмсау туралы сөз қылған адамдар өз-өзіне қол жұмсауға ұмтылуы оны жасауы мүмкін деген қате ойлар санамызды жаулап алған.

Жоқ, кез келген жағдайдың оң шешімін табуға болады. Қалай?... Егер дағдарыстағы адам қажетті көмек алса, болашақта ол өз-өзіне қол жұмсамауы мүмкін, суицидтің алдын алу кез-келген адамның ісі болып табылады, кез-келген адам суицид қасіретін тоқтатуға көмектесе алады, суицид туралы ойы бар адамдардың көпшілігі өз ниеті туралы қадам жасаудан бірер апта бұрын хабарлайды, суицид тоқтатуға келетін өлім түріне жатады, кез-келген жағымды әрекет адам өмірін құтқара алады.

Суицидтік ойы бар тұлғаны қалай анықтауға болады? Тікелей сөзбен айтылатын белгілері төмендегідей болмақ:

- Мен өз-өзіме қол жұмсаймын деп шештім;
- Мен өлгенді қалар едім;
- Егер осы айтқандарым орындалмаса, мен өз-өзіме қол жұмсаймын;
- Мен мұны аяқтамақпын.

Ал жанама түрде:

- Мен өмірден шаршадым, мен енді былай өмір сүре алмаймын;
- Менің отбасыма менсіз жақсы болады;
- Егер мен өлсем, ешкімнің ештеңесі кетпейді;
- Менің жай ғана кеткім келеді;
- Менің бұдан әрі өмір сүргім келмейді;
- Жақын арада сіздер мен үшін алаңдамайтын боласыздар, - деген сөздерден көрініс табады.

Мінез-құлықтық белгілері төмендегіше сипатталады:

- Таблеткалар немесе басқа да суицид жасауға қажетті материалдар жинау фактісі;
- Жеке заттарын ретке келтіру;
- Жерлеуге өзірлену;
- Қымбат, жүрегіне жақын заттарын тарату;

- Дінге деген күтпеген қызығушылық немесе қызығушылығын жоғалту;
- Себепсіз ашулану, күйгелектену және агрессиясын көрсету;
- Қару сатып алу;
- Туысқандарының үйін аралап, қонып, іштей қоштасып шығу.

Суицид туралы ойы бар адамға қалай көмек беру керек, жүрегіне үміт сәулесін қалай ұялату қажет? Ол үшін, ең алдымен, суицидке бару себебін ашатын кілтті табуға тиіспіз. Одан кейін өзара жылы, қамқор қарым-қатынас орнатып, мұқият тыңдай білетін тыңдаушы болып, жүрегіне үміт ұялатуымыз керек. Өмір сүру қажет екендігін артындағы ата-ана, бауырларын есіне түсіріп, бұл іс-әрекетінің дұрыс емес екендігіне мейлінше көзін жеткізгеніміз абзал. Суицидтік тәуекелі жоғары жағдайындағы адамды жалғыз қалдырмай, мамандардан көмек сұрағанымыз жөн.

«Өзіне-өзі қол салу» қазір төрткүл дүниені қатты алаңдатып отырған үлкен проблемаға айналып бара жатыр. Суицидке қарсы күреспесе, ол бүкіл әлемдік қауіпке айналады. Күллі мұсылман дінінде мұндай өзіне-өзі қол жұмсау өте жат қылық болғандығын бүгінгі жастар біле бермес.

Өмір деген биік таудай емес пе? Адам өмірге бақытты болу үшін келеді. Өмірдің мәні соған жету. Шешілмейтін түйін жоқ, тек уақытында жаныңа жақын адаммен ақылдаса отырып шешуге тырысу керек. Адаспайтын, қателеспейтін адам жоқ, оны ешкім де жазғырмайды. Одан қорқудың да, намыстанудың да қажеті жоқ. Ең болмағанда жанымызға жақын, артымызда қалатын ата-ана мен дос-жарандарымыздың көз жасын ойласақ, мүмкін бұл ойымыздан қайтармыз.

Шын мәнінде ой түбіне тереңірек бойласақ, Алла тағала бізге жұмыс жасасын, нанын адал тауып жесін, еліне жеріне қызмет етсін деп ақыл-ой мен аяқ-қолымызды жаратты, бармағанға барсын, көрмегенді көрсін деп көзімізді жаратты, бұл дүниеде арманына жетіп, артына ұрпақ қалдырсын деп өзімізді жаратты. Айналамызда болып жатқан сан түрлі оқиғаларға көз жүгіртсек, бұл дүниедегі жарық сәулені көре алмай арманда қалған зағиптар қаншама, шет елдерді араламасақ та ең болмағанда өз елімде, өз үйімде, өз аяғыммен жүрсем, өз қолыммен тамақтансам дейтін жандар қаншама, көрмесем де, жүрмесем де, сөйлесем арманым жоқ дейтіндер қаншама, науқастанып төсек тартып жатса да, тірі жатқанына шүкіршілік ететіндер қаншама. Осыншама жағдайларды көріп, біліп жүрсек те он екі мүшеміз сау тұлға бола тұра осы өмірден кетуге неге сонша асықпыз?...

Өмір адамға бір-ақ рет беріледі. Сондықтан бітпес тіршіліктің сол тауқыметіне қарсы күресіп, өз жолымызды дұрыс таңдай білуіміздің өзі бақыт емес пе?...

Оқушы темпераментімен санасу

Г. ТОКСАНОВА

Мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарына темперамент типтері туралы ақпаратпен таныстыру, оқушы темпераментімен санасуы барысында кеңес беру.

Міндеттері:

Білім беру: «темперамент» жаңа тұжырымдамасымен және оның түрлерімен таныстыру, басқалардың психологиялық ерекшеліктері туралы идеяны кеңейту.

Дамытушылық: қатысушылардың коммуникативтік мүмкіндіктерін арттыру, айналасындағыларды тереңірек түсінуге және әртүрлі типтегі адамдармен қарым-қатынас жасау тәсілдерін барабар таңдауға ықпал ету.

Тәрбиелік: ұжымдағы жеке айырмашылықтарға төзімділікті, эмпатияны, қайырымдылықты тәрбиелеу.

Қатысушылар: ата-аналар.

Тренинг ережелері:

Белсенді қатысу; Тыныштық сақтау; Бірін-бірі тыңдау; Ойын ашық айту; Бір-бірін сынамау; Ынтымақтылық.

Психологиялық тренинг құрылымы:

1. I бөлім. Мини-дәріс. «Темперамент және оның түрлері»;
2. «Ал, қане, билейік!» би терапиясы;
3. Тренинг «Мен бүгін осындаймын» жаттығуы;
4. Ата-аналарға «Союзмультфильмнің» 38 тотықұс мультфильмін көрсету;
5. Жағдаяттар шешу;
6. Ата-аналарға, ұстаздарға арналған жадынама, ұсыныстар;

I бөлім. Мини-дәріс «Темперамент және оның түрлері».

«Темперамент» термині ежелгі ғылымда адамдар арасындағы жеке айырмашылықтарды зерттеу кезінде пайда болды. Гиппократ (б.з.д. V ғ.) ағзаның жағдайы ағзадағы «шырындардың» немесе сұйықтықтардың: қан, лимфа және өттің сандық қатынасына байланысты деп есептеді. Бұл шырындардың араласуындағы пропорция латынның *temperamentum* сөзімен белгілене бастады, Бұл «темперамент» термині шыққан «бөліктердің тиісті қатынасы» дегенді білдіреді. Бірте-бірте ежелгі ғылымда адамдардың психикалық ерекшеліктері темпераментке байланысты, яғни. адам ағзасында негізгі «шырындар» араласқан пропорциядан.

Қанның басым болуымен сипатталатын ағзадағы сұйықтықтардың араласуы сангвиникалық темперамент деп аталды (лат. «сангвис»

сөздері – қан); лимфа басым болатын араласу – флегматикалық темперамент (грек тілінен. «флегма» сөздері – шырыш); сары өттің басым болуымен араласу – холерикалық темперамент (грек тілінен. «холе» сөздері – өт) және ақырында қара өттің басым болуымен араласу – меланхолиялық темперамент (грек тілінен. «мелайна холе» сөздері – қара өт).

Ежелгі ғылым жасаған темпераменттің органикалық негізі туралы ілім қазір тек тарихи қызығушылық тудырады. Алайда, «темперамент» термині ғылымға мықтап еніп, бүгінгі күнге дейін адамдардың темпераментіне байланысты төрт түрге бөлінуінің маңыздылығын сақтап қалды.

2. «Ал қане, билейік!» би терапиясы.

- Енді көңіл-күйлеріңізді көтеру мақсатында қазір барлығымыз орнымыздан тұрып, билейміз. Ал бастайық.

3. Тренинг: «Мен бүгін осындаймын» жаттығуы.

Мақсаты: Ата-наларды белсендіру, олардың көңіл-күйін көтеру және сабаққа оң көзқарас қалыптастыру.

Психолог: Шеңберге тұрайық, әркім кезек-кезек: «Сәлеметсіз бе. Есім – Анар. Мен бүгін осындаймын» және вербалды емес (мимикамен, позамен, қимылмен) өз жағдайыңызды көрсетіңіз. Қалған қатысушылар:

«Сәлеметсіз бе, София! София бүгін осындай» және оның қимылдарың, мимикасын, позасын көшіріңіз. Ойынға барлығы қатысады.

4. Темпераментті анықтау мақсатында ата-аналарға «Союз-мультфильмнің» 38 тотықұс мультфильмін көрсету.

Психолог: Енді белгілі мультфильм кейіпкерлерінің темпераментінің қандай түрін болжауға тырысайық.

Үзінділерді қарау (шамамен 1 минут), онда пайда болады:

«Піл» мультфильміндегі дұрыс жауап – **меланхолик**;

«Жылан» анимациялық сериясынан дұрыс жауап – **флегматик**;

«Маймыл» мультфильміндегі дұрыс жауап – **сангвиник**;

«Попугай» мультфильміндегі дұрыс жауап – **холерик**.

5. Жағдаяттар шешу:

Сангвиник

3-сыныпта оқитын сангвиник типінің өкілін алатын болсақ, олар еті тірі, белсенді болып келеді. Сабақ үстінде тынымсыз, жиі алаңдайды, сабақта достарымен көп сөйлеседі. Сыныпта өтіп жатқан барлық жағдайларға мән беріп отырады. Достарының арасында ылғи да сыйлы және оларға көптеген қызық әңгімелер айтады. Осы оқушы жаңа ортаға тез бейімделеді. Егер берілген жұмыс немесе тапсырма жеңіл болса, оқушы оны тез орындайды, ал жұмыс қиын, қытымыр, ұзақ болса, жұмысқа суып кетеді. Егер математика сабағында есеп беріле сала сол оқушы жауабын айтса, және бұл жауабы қате болса, ол ары қарай шығарып, дұрыс шешуін іздемейді, келесі жұмысқа көшеді.

Флегматик

Мысалы 2-сынып оқушысы – флегматик, ол барлық істі баяу, байыппен, асықпай істейді. Одан сабақ сұраған кезде, ол баяу орнынан тұрып, аз ғана үндемей тұрады да, сабақты үйден қараған болса, бірқалыпты дауыспен сабақ айта бастайды; ал егер үйде оқымаған болса, мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап қайтармай үнсіз тұрады. Кейде ондай оқушылар мұғалімді ызаландырады, ал достары оның баяулығына күледі. Бірақ, флегматик оқушы – жақсы дос, ашық және өте ұстамды, оны ренжітіп алу немесе күлдіру өте қиын.

Холерик

Мысалы, холерик оқушыда талпыныс пен құштарлық ерекше көзге түседі. Тіпті партада мұғалімді тыңдап отырған холерикті анық мимика мен энергетикалық белгілер арқылы ажыратуға болады. Тақтада жауап бергенде, кіші оқушы бір аяқтан екіншісіне ауыстырып тұрады, өте жылдам жауап береді. Ондайлар тез істеуге, үлкен өзгерістерге құлшынып тұрады. Міне, мұғалім кезекшіні бор әкелуге жіберді делік, ол жиналып барғанша, холерик оқушы орнынан тұрып борға өзі жүгіріп кетеді. Бұл оқушы әр нәрсеге құштар, істі бастағанда, оны өте тез және беріліп істейді де, түрлі кедергілерден жеңіл өтеді. Ол өте ұстамсыз, қиыншылықтар үшін күйіп-пісіп кетеді, мұғалімдер мен ата-аналарына айқайлап сөйлейді. Бірақ ол агрессиялық күйден қайта қалпына келгенде, олай істеуге болмайтынын түсінеді, сонда да ол өзіне ештеңе істей алмайды. Оның ұстамсыздығы оған көп кедергі жасайды және ол үнемі достарымен ойын үстінде ұрсысып, мұғаліммен сабақ үстінде ұрсысады.

Меланхолик

Мысалға мен 4-сынып оқушысын алайын. Ол тұйық, ұялшақ және ол ешкімге көрінгісі келмейді. Біреуден қорқып жүрген сияқты. Проблемаларды терең сезініп, көп уайымдайды. Сабақ айтып тұрған кезде қызарып кетеді, сабақты біліп тұрса да сасқалақтап жауап бере алмай қалады. Істегісі келмейтін жұмыспен айналысса, тез шаршап кетеді. Достарына көмектесуді ұнатады.

Ата-аналарға, ұстаздарға арналған жадынама, ұсыныстар.

Сангвиник:

- көпшіл, адамдармен тез байланысады;
- сезімдері оңай өзгереді;
- мимикасы бай, епті, мәнерлі;
- қызмет қызығушылық болған жағдайда ғана нәтижелі болады;
- шашыраңқы, ұқыпсыз;
- өнертапқыш, қиялшыл;
- кекшіл емес, бейбіт, ашкөз емес.

Сабырлы сангвиник баланың мінез-құлқының ерекшеліктері

Бала белсенді, қозғалыстары тез, бірақ өткір емес, көңіл-күйі көтеріңкі. Күн тәртібін орындайды. Ол бірдей басшылық жасай алады және орындай алады. Бір сабақтан екіншісіне оңай және жылдам ауысады. Бірақ осыған байланысты ол әрқашан істі соңына дейін жеткізе алмайды. Ересек адамның міндеті – баланың бойында адалдық пен тұрақтылықты қалыптастыру. Бұл балаларға жақсы да, жаман да әсер ету оңай.

Ұсыныстар: ашық ойындарды қолданыңыз, тыныштық талаптары үнемі естілмеуі керек, кітап оқу, дизайн жинау, фильмдер көру арқылы назар аударуды үйрену керек, әрекеттерді жиі өзгерту қажет. Сангвиниктерде табандылықты, адалдықты, табандылықты, басталған істі соңына дейін жеткізуге деген ұмтылысты, оқуға, жұмысқа және басқа адамдарға байыпты қарауды тәрбиелеу керек. Оларды өздерін және олардың мүмкіндіктерін қайта бағалаудан сақтандырыңыз. Шектен тыс мадақтап, даңдайсытудан сақ болыңыз.

Холерик:

- іс-әрекеттер серпінді;
- эмоционалды, сезімдер айқын;
- тұлғаның бағытына байланысты бастамашылық ашуланшақтық;
- принциптілік тиімділік;
- тәуекелді, шытырман оқиғаны жақсы көреді;
- басқалардың пікірін тыңдамайды;
- тым тәуелсіз;
- айдаһар, айғайлаушы, жанжал.

Қозғыш баланың мінез-құлқының ерекшеліктері – холерик.

Мұндай баланың барлық реакциялары әрдайым қатал, ол кез келген қолайсыздыққа өте күрт жауап береді. Бұл балалар жай ғана күліп қана қоймай, күледі, жай ғана ашуланбайды, бірақ ашуланады. Олардың мәнерлі бет-әлпеті, қимылдары шапшаң, сөйлеуі тез және қатты. Олар қиындықтарды жеңе отырып, ұзақ уақыт бойы сүйікті ісімен айналыса алады. Олар көңілді көңіл-күйден қайғыға күрт ауыса алады. Олар әрқашан жетекші рөлдерді алуға тырысады, ашық ойындарды жақсы көреді, ақылды ойындардан аулақ болады. Топтарда олар шулы және белсенді. Оларды тыныштандыру қиын. Олардың қозғалысын шектейтін жазалар, сондай-ақ айғайлау, қорқыту, ұру қолданылмауы керек. Олар зейінді, табандылықты, шыдамды, ойын ережесіне бағынуды қажет ететін әрекетті кенеттен тоқтататын ойындарды дамытатын барлық әрекеттерден пайда көреді. Оларға жүйелі түрде орындалуы керек тұрақты еңбек тапсырмаларын беру пайдалы. Оларға қарым-қатынас ережелерін үйрету керек. Әсер ету шараларын теріс қылықтан кейін бірден емес, қозу өткеннен кейін ғана қолдану керек. Әйтпесе, бала ересек адамды естімейді.

Ұсыныстар: шыдамдылық пен тыныштық, мобильді және бәсекеге қабілетті ойындар қажет, үлкен өмір сүру кеңістігі қажет, ұтылу мүмкіндігін қамтамасыз ету керек, бірдеңе жасамас бұрын ерік пен ғажайыптар жасайтын батырлық туралы кітаптарды оқып, бала тынышталған кезде ғана жазалау керек екенін жиі еске салу керек. Сондықтан холерик өзінің белсенділігі, энергиясы сияқты жағымды қасиеттерін пайдаланып, ашуланшақтық, эмоционалды тұрақсыздық сияқты жағымсыз көріністерді тежеуі керек. Холерик оқушыдан сіз үнемі жұмсақ, бірақ сабырлы, ойластырылған жауаптарды, мінез-құлықта ұстамдылықты, жұмыста ұқыптылық пен тәртіпті талап етуіңіз керек. Холерик монотонды еңбекқорлықты ұнатпайтынын есте ұстаған жөн, ал оның жұмысқа деген құштарлығы, ақылға қонымды бастамасы көтермеленуі керек. Холерик сананың мінез-құлқын бақылау жоғалған кезде әсер ету күйіне тез ауыса алатындықтан, онымен қарым-қатынас кезінде жоғары реңктермен сөйлесу ұсынылмайды. Бұл оның қозуын күшейтеді.

Меланхолик:

- бір нәрсеге ұзақ уақыт назар аудару қиын;
- жоғары мазасыздық, күдік;
- сезімдер терең;
- қарым-қатынас қиын;
- жиі ойлану;
- егер ол ренжісе, ол ұзақ жылайды;
- ұялшақ;
- тым ақылға қонымды, «кішкентай ересек»;
- жалғыздықты, тыныш ойындарды жақсы көреді;
- тез шаршайды;
- спорттан қорқады.

Жүйке жүйесі әлсіз баланың мінез-құлқының ерекшеліктері – меланхолик

Тез шаршайды, өте осал және жанашыр. Аз белсенді, сабырлы іс-әрекетке ұмтылады, тіпті бір нәрсені білсе де, «басқалардың алдында дөңес болмайды». Көбінесе шешімсіз. Жалғыз немесе жақсы білетін серігімен ойнауға тырысады. Сезімдер терең, ұзақ, ұсақ-түйекке қатты алаңдауы мүмкін. Дағдылар баяу қалыптасады, бірақ тұрақты болады. Сондықтан оларды қайта даярлау қиын. Туындаған қиындықтарға байланысты ол кез келген тапсырманы орындаудан бас тартуы мүмкін. Ересек адам мұндай балаларда өз қабілеттеріне деген сенімділікті дамытып, өзін-өзі бағалауды арттыруы керек, сонымен қатар табандылықты дамытуы керек.

Ұсыныстар: сүйіспеншілікпен түсінуді қажет етеді, дәрекілікке жол берілмейді, модельдеу, сурет салу, құрылыс, «жұмсақ» бәсекеге қабілетсіз

ойындарды қолданыңыз. Меланхолик оқушыларға жұмсақ, әдепті, сезімтал әрекет ету керек, өйткені шамадан тыс қатаңдық пен талаптардың күрт өсуі оларды одан әрі тежейді, өнімділікті төмендетеді. Сабақтарда олар жиі сұралуы керек, жауап беру кезінде тыныш орта құруы керек, ал мақұлдау, мадақтау, жігерлендіру үлкен рөл атқарады.

Флегматик:

- еңбекқор жұмысшы;
 - сезімдері тұрақты;
 - жабық;
 - баяу;
 - үнсіз ойнайды;
 - аз қозғалады;
 - тәртіп пен сапаны жақсы көреді;
 - мойынсұнғыш, ұқыпты;
 - жаңаны ұнатпайды;
 - тұлғаның бағытына байланысты
- төзімділік, тереңдік жалқаулық, немқұрайлылық, ойлардың еріксіздігі.

Баяу баланың мінез-құлқының ерекшеліктері-флегматик

Балалар сабырлы, байсалды, сирек жылайды немесе күледі. Сөйлеуі баяу, кідіріспен. Кез келген әсерге баяу жауап береді, кез келген істі бірден бастамайды. Бір іспен ұзақ уақыт айналыса алады. Мұндай балаларды ашуландыру қиын. Олар ұзақ уақыт бойы балабақша жағдайына бейімделеді, бірақ ересектердің тапсырмаларын қуана және мұқият орындайды. Бала табиғи түрде баяу, сондықтан оны тез жасауға мәжбүрлеу мүмкін емес, режимдік сәттерді ұйымдастырған кезде оның ерекшеліктерін үйрету керек: басқа балаларға қарағанда ертерек киіну керек. Ересек адамның айқайы одан да көп тежелуді тудырады. Флегматик бірнеше рет қайталанғаннан кейін бірдеңе жасауды үйренген кезде әрекет жылдамдығы пайда болады. Баланы қимылдарды, ойын әрекеттерін орындауға ынталандыру қажет.

Ұсыныстар: қиялды дамытуға арналған ойындар, музыка, кесте, кейде тежеу, қызығушылық. Мұғалімдердің назарын флегматикалық оқушылар аударуы керек, олар, өкінішке орай, әдетте жеткілікті назар аудармайды, өйткені олар сабырлы, ешкімге кедергі жасамайды. Флегматиктерге жетіспейтін қасиеттерді дамытуы керек – ұтқырлық, белсенділік, олардың белсенділікке деген қызығушылығын жоғалтпау маңызды, өйткені бұл немқұрайлылықты, жалқаулықты тудырады.

Қорытындылау.

Отбасындағы тәрбиеге психологтың көмегі

М. ҚОСТАНОВА

Бала – өмірдің жауқазын гүлі. Бала дегенде ет-жүрегі елжіремейтін адам жоқ шығар. Өйткені, бала – ата-ананың ақ тілегі, бақыты. Әрбір жас өркен – елінің ертеңі, ұлтының болашағы. Сол желкілдеп өсіп келе жатқан сүйкімді де таза сәби жүрегін түсіне білу, сеніміне ие болу – психологтар үшін зор мәртебе десе, артық айтқандық болмас. Әрбір бала – өзінше бір әлем, дара дүние. Бала әлемнің сырына терең бойлап, жан сарайындағы құпияны ұғына білу әркімнің қолынан келе бермейтін, тек психолог маманының еншісіне бұйырған ақиқат дүние. Сол ақиқатты қоғам, орта түсіне білсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі өте жоғары. Мұғалімнің де орны ерекше, оны ешкім жоққа шығара алмайды. Дегенмен, баланың рухани өсуіне жол ашу үшін, қателеспес үшін мектептегі психолог маманның рөлі ерекше деп ойлаймын.

«Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін, оны жан-жақты білу керек», - дейді, белгілі педагог К.Д. Ушинский. Міне сондықтан да мектепте психолог атқарар жұмыс өте кең, әрі ауқымды. Түрлі жастағы балалардың ерекшелігін зерттейді. Әр баланың жеке ерекшелігіне байланысты дамыту бағдарламасын құруға басшылық жасайды. Жас жеткіншектердің таным үрдісі, қабылдауы мен қиялы, ойлауы мен есте сақтауы, ерік-жігері, мінез-құлқы, білімі мен қабілетін қалыптастыру ісімен де психолог шұғылданады.

Әр адам – адамзаттың жеке дара өкілі болғанымен, өзіндік ерекшеліктерімен дараланады. Себебі, біз-өзіндік мінез-құлқымызбен, бет-әлпетімізбен бір-бірімізден ерекшеленетін тұлғамыз, әрқайсымыз ерекше жаратылғанбыз. Біз өзіміздің ата-тегімізбен тығыз байланыстымыз, біздің болмысымызда олардың тәндік ерекшеліктері бар. Тұлғаның дамуы барысында отбасы мен мәдени ортаға лайықты оның дүниетанымы жетілді. Адамдардың кейбіреулері дүниенің барлығы қарама-қайшылықта болады деседі, енді біреулері әлемде үйлесімділік пен келісім болса, даму жоғары деңгейдегі жетістікке жетеді деп тұжырымдайды. Адамның сан қырлы әлемін танып-білуді, ұрпақ өмірге келмей тұрып, ана құрсағында бастау алатынын, яғни, болмысы қалыптастыру үшін қам-қарекет жасау керектігін әрбір әке-шеше жете ұғынуы қажет. Тұлғаның рухани жетілуі үшін, ең алдымен, рухани саналықты меңгереді. Тұлғаның рухани санасы өмірдің мәнін, өзінің өмірдегі орнын, өз тағдырымен ортақ деп түсіну қабілетін дамыту, отбасы мүшелерінің арасындағы сыйластық, ұғынысуды сезінуі абзал. Ата-аналарға сәби дамуының бастауы мына факторлардан тұратынын ұғындырса тиімді болады. Олар:

1. Биологиялық – туа және жүре-бара берілетін ерекшеліктер.

2. Әлеуметтік – бала өсіп жетілетін рухани орта.

Жазушы-педагог Ж. Аймауытов: «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің

өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек», - дейді. Осы бір ұлағатты ой астарында отбасында-ата-анасынан, мектепте – ұстаздан талап етілетін тағылым жүгі жатыр. Жер бетінде мекен еткен адамзаттың бір бұтағы – бір халықтың қандай бет-бейнесімен көрінуі – сол халықтың мектебінің бет-бейнесіне, өзіндік ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Әрине, отбасында бала ұлттық құндылық негізінде тәрбиеленіп келіп, ол тәрбие балабақша мен бастауыш мектепте жалғасын тауып жатса, бала өте құнарлы этномәдени білім мен тағылым алары анық. Ұрпақ тәрбиесі тағылымды болсын десе, жұмысты ең алдымен, ата-анамен, яғни, отбасынан бастағаны, жүргізгені, талап еткені жөн. Бұл қазіргі замандағы ең басты қажеттілік десек болады. Ата-ана әр түрлі, олардың ұрпақ тәрбиесіне, мектепке көзқарасы да сан алуан. Қандай да мектеп болсын, әлеуметтік тұрғыдан бұл мәселені «Отбасы-оқушы-мектеп» үшбұрыштық жүйесімен жүргізгені абзал. Ол үшін, ең алдымен, ата-ананың өзін-өзі тануына бағытталған тренингтер, өзіне баласының көзқарасын білдіретін тестілер мен психорефлексиялар жүргізіледі. Әрине, кез келген ата-ананың өзі туралы, өз баласы туралы жоғары пікірде болуы заңдылық. Сондықтан, бұл жұмыстар бастапқы кезінде ойын, сергіту сипатында жүргізілгенімен, кейінірек мән-маңызы, берері тереңдей түседі.

Нақты ұсыныстар:

Баланы мектептегі жұмыстарын әңгімелеуге шабыттандырыңыз.

Өз қызығушылығыңызды тек ғана «Мектептегі бүгінгі күнің қалай өтті?» деген сияқты қарапайым сұрақпен шектемеңіз. Аптаның бір күнінде уақыт тауып, баламен мектеп жайында мән беріп әңгімелеңіз.

Баланың әңгімесіндегі жекелеген есімдерді, оқиғаларды, ұсақ-түйектерді мұқият есте сақтап, оларды мектеп жайында толығырақ сұрау үшін қолданыңыз. Сонымен қатар балаңыздан міндетті түрде сыныптастары, сыныптағы іс-шаралар, пәндер, пән мұғалімдері туралы көбірек сұраңыз.

Үнемі мұғалімдермен кездесіп, балаңыздың үлгерімі, тәртібі, басқа балалармен қарым-қатынасы жөнінде біліп тұрыңыз.

Егер сіз балаңыздың мектептегі өмірі, оны мазалап жүрген нәрселер туралы білмейтін болсаңыз, ол жайында мұғалімдерден сұраудан еш қысылмаңыз. Тіпті алаңдауға тұрарлықтай мәселелер болмаса да, балаңыздың мұғалімімен ең болмағанда екі айда бір рет әңгімелесіп тұрыңыз. Әйтпесе сіз өз балаңыздың ыңғайсыз жағдайға қалдырасыз, ол өз мұғаліміне деген құрметін немесе сізге деген сенімін өзгертуі мүмкін.

Балаңыздың үлгерім бағаларын өзіңіздің мадақтау немесе жазалау жүйеңізбен байланыстырмаңыз.

Балаңыз өзінің жақсы үлгерімін сый ретінде, үлгермеушілігін жаза деп қабылдауы тиіс. Балаңыздың оқуы жақсы жүріп жатса, көбірек қуанышыңызды көрсетіп, тіпті соны сылтау етіп үйде кішігірім мейрам ұйымдастырыңыз. Егер үлгерімі нашарлап бара жатса, алаңдап, сынып және үй жұмыстарын мұқият орындауын талап етіңіз. Мүмкіндік болса, ынталандыру мен жазалауды мүлдем қолданбаңыз: мысалы, жақсы баға алсаң – теледидарды көру уақытын жарты сағатқа ұзартып, нашар баға алсаң, жарты сағат кем көресің деу дұрыс емес. Бұл ережелер эмоциялық келеңсіздіктер тудырады.

Балаңызға үй тапсырмасын орындауға көмектесіңіз, бірақ бәрін жасап бермеңіз.

Үй тапсырмасын орындауға белгілі бір уақытты тағайындап, уақыт кестесінің сақталуын қадағалаңыз. Бұл оқудың жақсы дағдыларын қалыптастыруға негіз болады. Балаңыздың тапсырмаларына деген қызығушылығыңызды көрсетіп, тапсырманы орындауға қажетті құралдарының түгелдігін тексеріңіз. Егер балаңыз үй тапсырмасын орындауға көмек сұраса, бәрін өзіңіз айтып бермей, өз бетімен шешім табуына мүмкіндік беріңіз.

Мектепте оқылатын нәрселерге балаңыздың қызығушылығының оянуына көмектесіңіз. Балаңызды жалпы не қызықтыратынын біліп алып, оның қызығушылығы мен мектептегі пәндер арасындағы байланысты табыңыз. Мысалы, баланың киноға деген сүйіспеншілігін кітап оқуға бағыттауға болады, ол үшін фильмдегі оқиғаға арқау болған кітапты балаңызға сыйға тартыңыз. Немесе ойын арқылы үнемі жаңа нәрсені танып-білуге деген ұмтылысын жетілдіруге болады.

Баланың мектепте, үйде алған білімін қолдануға болатын әрбір мүмкіндікті құр жібермеңіз. Мысалы, ас дайындауға қажетті азық-түлік санын есептеуді немесе еденді сырлау үшін кететін сыр мөлшерін есептеуді ұсыныңыз.

Мектептегі өмірінде өзгерістер жүріп жатқан кезде, үйдегі атмосфераның жайлы да қолайлы болуына барынша күш салыңыз.

Мектептегі алғашқы айлар, әрбір оқу жылының басталып, аяқталатын кездері, бастауыш мектептен ортаңғы буынға көшу сияқты оқиғалар мектеп жасындағы баланы стреске шалдықтыруы да мүмкін. Сондықтан осындай оқиғалар кезінде үйдегі жайлылықтың, тұрақтылықтың бұзылмауы өте маңызды. Үйдегі тыныштық баланың мектептегі мәселелерін тиімді шешудің бірден-бір жолы. Осындай оқиғалар кезінде үйдегі жайлылықтың, тұрақтылықтың бұзылмауы өте маңызды.

Психологтың кеңестері.

1. Қорықпаңыз. Баланың қателіктер жасап көруіне, қателесуіне бөгет жасамаңыз.

2. Өсіп келе жатқан балаға күтуші керек емес – оларға мейрімді, сенімді дос керек.

3. Балаға өзінің қателігін түсінуге мүмкіншілік беріңіз, тек өте қауіпті жағдай болмаса.

Есте сақтаңыз: Ұтымды бір сөз.

4. Әзілдесуді де ұмытпаңыз;

5. Баланың күнделікті үй шаруашылығында бір міндеті болуы керек;

6. Кеңесіңізді ақылмен түсіндіріңіз;

7. Өз айтқаныңызды істететіндей болуды үйретіңіз;

8. Балалар біздің жақсы көретінімізді білуі керек.

Ата-аналарға арналған 10 кеңес:

1. Күтпеңіз, сіздің балаңыз сіз сияқты немесе сіз ойлағандай болмайды. Оған көмектесіңіз сіз сияқты болуға емес – өзі тәріздес болуға;

2. Сіз жасаған жақсылығыңыздың өтеуін балаңыздан талап етпеңіз. Сіз оған өмір сыйладыңыз, ол өтеуін қалай өтейді? Ол біреуге өмір сыйлайды, ол – үшінші біреуге өмір сыйлайды. Бұл өмір заңы.

3. Өз ашуыңызды баладан алмаңыз. Немесе, не ексең – соны орасың;
4. Балаңыздағы жағдайға жоғарыдан қарамаңыз. Өмір әркімге де күшіне қарай берілген, сізге қиын болса балаңызға одан да қиын болуы мүмкін себебі, оның өмірдегі тәжірибесі жоқ;
5. Ренжімеңіз;
6. Ұмытпаңыз, адамның ең қажетті кездесуі – бұл балалармен кездесуі;
7. Егер де балаңызға бір нәрсе жасай алмасаңыз өзіңізді қинамаңыз. Есте сақтаңыз, бала үшін бәрін де жасауға болады;
8. Бала бұл ең қымбатты жан. Бұл анамен әкенің үлкен сезімінен туған, өсетін «біз», «біздің бала» жаннан жаралған;
9. Басқаның да баласын жақсы көр. Ешқашан да басқаның баласына, өз балаңа жасамайтыныңды жасама;
10. Балаңызды жақсы көріңіз, қандай жағдайда болса да балаңызды жақсы көріңіз.

Баламен сөйлесе отырып қуаныңыз, себебі бала сіздің жаныңыздағы – мереке.

Ата-аналарға арналған психологиялық тренинг

Г. ОЛЖАБАЕВА

Мақсаты:

- бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру;
 - ата-ананың өздерін тәрбиеші, мұғалім ретінде қарауға қызығушылықтарын ояту;
 - баламен дұрыс тіл табысуға, сөйлеу мәдениетін үнемі қолдауға ой салу.
- Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету.

Қажетті құрал-жабдықтар: қобдиша, сөйлемдер тобы, стикер, қаламдар, қиылған жүрекшелер, плакат, желім.

Барысы.

Психолог:

Жақсыдан жаман туады

Бір аяқ асқа алғысыз.

Жаманнан жақсы туады

Адам айтса нанғысыз.

Баланың бас ұстазы – ата-ана. Ұлтымызда «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөзі бар. «Балапан қыран болу үшін оны самғатып ұшыратын ата немесе әке де қыран болуы керек», - деп отбасылық тәрбиеге ерекше тоқталған. Әр отбасында ата-ананың орны бөлек. Бала – әкеден ақыл, анадан

мейірім алады. Әке отбасының асыраушысы, қамқоршысы, тірегі деп білсек, ана-отбасының ұйтқысы, жылуы, шуағы, бір сөзбен айтқанда отбасына береке әкеліп, жанұясын бақытқа бөлейді. Отбасында ата-ана үшін баладан артық ешкім жоқ. «Бала – адамның бауыр еті», деген сөз бар. Сондықтан қай ата-ана болмасын баласының білімді, парасатты, мәдениетті, тәртіпті, әдепті болуын қалайды. «Бала – өмірдің жалғасы, көз қуанышы, шаңырақ иесі» деп ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Жанған отын сөндірмей, ошақтың берекесін дұрыс ұстап, артына ұрпақ қалдыруды көздеген. Осы мәселеге ата-аналар мен ұстаздар қауымы болып бірге жұмыстансақ мұндайда жетістігіміздің биік болары сөзсіз. Қазіргі қоғамда ата-ана баласынан не күтеді? Баласын қалай тәрбиелейді? Ата-ананың бақыты неде? Баласы ата-анасын қалай бақытты етпек? Міне, осы тұрғыда сөз қозғайтын боламыз.

Тренинг жоспары:

1. «Сиқырлы қобдиша» жаттығуы;
2. «Өтінемін» ойыны;
3. «Сөйлемді жалғастыр» жаттығуы;
4. «Мен ұл-қызымды мақтан тұтамын» жаттығуы;
5. «Балаңыз сіз жайлы не ойлайды?» Миға шабуыл әдісі.

1. «Сиқырлы қобдиша» жаттығуы.

(Топтағы қатысушылар шеңбер құрып, көздерін жұмып отырады. Тапсырманы орындау үшін қобдиша керек. Оның ішінде домалақ айна қойылған).

Жүргізуші:

- Қазір сендер мына қобдишаны бір-біріңізге жалғап, қолдарыңызға бересіздер. Қобдишаны алған адам, оны ашып, ішіне қарайды. Оның ішінде кішкене айнадан сендер жан-жақты және қайталанбайтын бейнені көресіздер. Оған қалай қарасаңыз, ол да сізге солай қарайды. (Барлық қатысушылар сандықшаға қарап болған соң, психолог сұрақ қояды).

- Жан-жақты және қайталанбайтын, дегенді қалай түсінесіздер?
- Сіздің алдыңыздан жан-жақты қайталанбайтын бейне кім болып шықты?
- Сіздер ол бейнеге күліп қарағанда, ол сіздерге қалай қарады?
- Біз жан-жақты және қайталанбайтын бейнеге қандай көзқараспен қараймыз? (Қатысушылар ойын тыңдау). Қорытынды ой тұжырымдау.
- Демек, біз, сіз, әрбір адам өз алдына жан-жақты және қайталанбайтын бейне екендігіне көз жеткіздік. Сіздің айтар тұжырымыңыз қандай?

2. «Өтінемін» ойыны.

- Сіздерді осы ойынға қатысуларыңызға ортаға шақырамын.
- Құрметті ата-аналар, сіздер қандай сиқырлы күші бар сөздерді білесіздер?
- «Рақмет, ғафу етіңіз, кешірерсіз, өтінемін, ризамын ...»

Ендеше, ойын шарты бойынша мен сіздерге бірнеше өтініш жасаймын, сіздерге егер мен «**өтінемін**» деген сөзді айтсам, онда орындауларыңыз қажет.

Егер мен **«өтінемін»** деген сөзді айтпасам, онда орындамайсыздар.

- Өтінемін, мына жерге шеңбер жасап тұрыңыздар.
- Тұрған жеріңізде, бір орында тұрып секіріңіздер.
- Өтінемін, қасыңыздағы көршіңізбен амандасыңыздар.
- Орыныңызда тұрып оңға, солға бұрылыңыздар.
- Өтінемін, маған қарай 2 адым жасаңыздар.
- Ілгері, алға тағы 1 адым жасаңыздар.
- Өтінемін, бір-біріңізді мадақтаңыздар.
- Бір-біріңізден қашық тұрыңыздар,
- Өтінемін, бір-біріңізбен қол алысып, қоштасыңыздар.
- Өтінемін, рақмет, орындарыңызға жайғасуларыңыздар, сіздерге көп рақмет.

3. «Мен ұлымды, қызымды мақтан тұтамын» жаттығуы.

Ата-аналарға түрлі-түсті қағаздан қиылған жүрекшелерге өз балаларына арналған тілектер жазып, плакатқа жапсыру ұсынылады.

4. «Балаңыз сіз жайлы не ойлайды?» Миға шабуыл әдісі.

- Балаңыз сіз жайлы не ойлайтынын әрқайсыңыз шындығында біліп жүрсіздер ме?

Ата-ана болу – зор бақыт. Кейде орынсыз ұрысып жатамыз, ренжіп жатамыз. Олардың көңіл-күйімен санаспастан сөз таластырып жатамыз. Осының бәрі де бала жүрегінде бірте-бірте түйнек болып жинақтала береді. Оларды түсіну қиынның қиыны. Баланың жүрегі жібектей жұмсақ, көңілі қылдан нәзік. Әлемде ұл-қызын шынайы түсініп, олармен сырласа алатын ата-ананың баласы бақытты жаң, дер едім. Жер бетіндегі адам баласының есею психологиясын бала көзқарасымен айтқанда мынадай ережеге бағындыруға болады.

Ендеше, бала ата-анасы жөнінде не ойлайды, тыңдап көрелік:

6 жаста: ата-анам бәрін де біледі.

10 жаста: ата-анамның білері көп.

15 жаста: мен де ата-анам сияқты көп нәрсені білемін.

20 жаста: ата-анам ештеңе де білмейді.

30 жаста: бір рет болсада ата-анамның тілін алып көрейін.

40 жаста: қалай да ата-анамның айтқаны абзал екен.

50 жаста: ата-анам бәрін де біледі екен.

60 жаста: ата-анам тірі болса ғой. Біраз нәрсені кеңесіп алар едім.

- Сіз балалы болдыңыз ба? Демек, өмірге тағы бір адам баласын әкелдіңіз.

Ендеше ол ізетті, құрметі, адамгершілікпен өмір сүруі керек. Оған себепкер болар бірден-бір жан – тек сіздер ғана.

«Балаңды 5 жасқа дейін патшаңдай көтер, 15 жасқа дейін құлыңдай жұмса, 15 жастан кейін досыңдай сыйла» деген керемет ұлағатты нақыл сөз бар. Осыны есте сақтайық.

Қорытынды.

Отбасы құндылықтарын қалыптастыруға арналған психологиялық тренинг

А. АБДРЕШЕВА

Мақсаты:

Отбасындағы және адамның бойындағы рухани-адами қасиеттер туралы түсініктерін кеңейте отырып, адамның рухани дүниесін бағалай білуге баулу. Рухани және отбасы құндылықтарын адам бойында қалыптастырудың қаншалықты маңызы бар екендігін түсіндіру.

Шаттық шеңбері

- Құрметті оқушылар, шақырулы қонақтар! Бүгінгі өткелі тұрған семинар-тренингке қош келдіңіздер! Баршаңызды көргеніме қуаныштымын. Алдымен тренингімізді сәлемдесуден бастап алайық.

«Гүл күлтешелері» жаттығуы. Оқушыларға гүлдерді таңдата отырып, 2 топқа бөлу.

Дәстүрлі емес сәлемдесу. Бір-бірімен амандасу, жағымды қарым-қатынас қалыптастыру.

Нұсқау: Бүгін біздің сәлемдесуіміз дәстүрден тыс болмақ. Әдетте адамдар бір-бірімен қол алысып, жай сөзбен беттерінен сүйіп амандасады. Ал біз қазір сәлемдесудің басқа жолдарын қарастырайық. Бір-бірлеріңізге оң иықпен, сол иықпен, шын-тақпен, арқамен, алақанның ішімен, сыртымен амандасады.

Қарым-қатынас шеңбері.

Барлығы ортаға шақырылады. Аналар сыртқы шеңберді құрап, ал балалар ішкі шеңберді құрап тұрады. Айтылған тапсырманы орындайсыз. Сөйлеуге болмайды.

- Бір-біріңіздің қолдарынан ұстап сәлемдесіңіз;
- Бір-біріңіздің иығыңызға қолыңызды қойып, көзіңізге қарап, жымыңыз;
- Қолыңызбен күштесіңіз;
- Қолыңыздан ұстап, достасыңыз;
- Қоштасыңыз;
- Бір-біріңізге арқаңызды тақаңыз да отырыңыз;
- Бір-біріңіздің шашыңызды дұрыстаңыз;
- Бір-біріңіздің киіміңізді дұрыстаңыз;
- Көптен көрмеген досыңызды кездестіргендей, қуанышыңызды білдіріңіз;
- Бір-біріңізді құшақтаңыз.

«Бақытты отбасы» атты бейнекөрсетілімге назар аударуыңыз сұралады.

Психологтың кіріспе сөзі:

Отбасы – адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Отбасы – адамзат

қоғамның ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі – дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, тұлға ретінде қалыптастыру.

Рухани құндылықтар адам үшін маңызды, моральдық, діни, адамгершілік және этикалық сенімдерінің жиынтығы болып табылады. Рухани құндылықтарға сүйіспеншілік, достық, қайырымдылық, құрмет, өз-өзін тану, шығармашылық, еркіндік, өзіне деген сенім жатады.

Құндылықтар тізімі:

1. Мықты денсаулық;
2. Ағайындарыңа, достарына ашық есік;
3. Ауызбіршілік;
4. Ортақ қызығушылық;
5. Бір-біріңіздің жұмысына араласпау;
6. Қамқорлық;
7. Тәртіп;
8. Бос уақытыңызды бірге өткізу;
9. Сенімділік;
10. Ата-ана отбасының үлгісі;
11. Отбасылық қарым-қатынас;
12. Махаббат;
13. Мейірімділік;
14. Шынайылық;
15. Сырт көзге үлгі болу;
16. Береке;
17. Үлкенге – ізет, кішіге – құрмет.

«Отбасы құндылықтары» бейнекөрсетілім.

«Отбасы құндылығы ағашы» жаттығуы.

Алдарыңызға ағаштың суреті беріледі. Ағаштың суретіне өздеріңіз білетін отбасы құндылықтарын жазу сұралады. Содан кейін оқушылар жазған құндылықтарын оқиды.

Рахмет! Оқушыларымызға құрмет көрсетейік.

Сергіту сәті. «Гүлдер»

Қатысушылар бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Қатысушыларға бас, аяқ, қол, шынтақ, мұрың, көз, ауыз деп нұсқау бергенде өздерінің дене мүшелерін қолдарымен ұстайды. Гүл деп нұсқау бергенде қатысушылардың біреуі алдарында тұрған гүлді алу керек. «Өрмекші» торы деп аталады. Қазір барлығыңызды ортаға шақырамын.

«Шынымды айтсам» жаттығуы

Оқушылар өз отбасыларына байланысты парақшалардағы сөйлемдерді аяқтау тапсырылады. Жаттығуы барысында оқушылар өз ойларын айтады.

Мысалы: шынымды айтсам отбасымның амандығын қалаймын.

Мысалы: шынымды айтсам.... ата-анамнан айырылғым келмейді.

Қорытынды.

Жеткіншектердің қарым-қатынас дағдыларын дамыту сабағы

Н. СҮНДЕТБАЕВА

Мақсаты: Қатысушылардың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, қисынсыз жолдармен тура жолды таба отырып, ойын дамыту.

Тренинг барысы:

I. Ұйымдастырылу кезеңі: Ойын – маңызды іс. Егер сіз ойынды тек көңіл-көтеру үшін немесе дем алу ретінде пайдалансаңыз одан ешқандай пайда болмайды. Қандай ойын болса да, ол негізгі мақсатқа жұмсалуды керек, өйткені ойын баланы дамытады. Ойын адам бойындағы көптеген қасиеттерді ұштап, білім дәнін бойға білдіртпей дарытады. Ойындардың қай-қайсысы болса да баладан төзімділікті, тапқырлықты, ізденімпаздылықты, шеберлікті толып жатқан қасиеттерді талап етеді.

Бұл тренингке оқушылармен бірге ата-аналар, мұғалімдер де қатыса алады.

«Лабиринт» ойыны

Оқушылар арасында арнайы (лабиринт) құралымен ойын ойнатылады. Ойын барысында оқушылардан төзімділік, шеберлік, шапшаңдық және т.б. қасиеттерді байқауға болады. Белсенділік танытқан және енжар болған оқушылар басты назарға алынады. Әрбір дұрыс орындаған тапсырмалары үшін қатысушыларға алғыс білдіру қатысушы үшін маңызды.

«Көңілді орта» ойыны

Мақсаты: Қарым-қатынасты нығайту.

Бұл ойын оқушылармен мұғалімдердің қатысуымен ойнатылады. Барлық қатысушылардың ойынға аса қызығушылығы көңіл-күйлері қадағаланады. Ойын нәтижесінде қатысушылардың арасынан аса «епті» деген қатысушы жеңіске жетеді.

«Отыр – Тұр» ойыны

Ойын ережесінде қатысушылар отыр дегенде тұрып, тұр дегенде отыруы керек. Ойын ережесін сақтауда қателескен оқушылар ойыннан шығып отырады. Жіберген қателіктерін келесі ойында түзеуге болатынын түсіндіру қажет. Себебі ойынның қызықты болғаны сонша, қайта ойынға қатысуға ниет білдірушілер аса көп кездеседі. Ойын ережесін дұрыс орындаған оқушыларға тәттілер ұсынылады.

Өткізілген тренинг нәтижесі бойынша **ұсыныс:**

1. Қандай жағдай болмасын өз ойларын ашық жеткізе білуге үйрету;
2. Күнделікті бір-бірінің көңіл-күйлерін бақылай білуді үйрену;
3. Оқушылармен жеке түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру (қажет жағдайда);

4. Оқушылардың жүріс-тұрысы, қарым-қатынасы, көңіл-күйлерін күнделікті бақылауда ұстау;

5. Әр сыныптың топ басшыларына сынып оқушыларының күнделікті тәртібін қадағалау.

(Жүргізілетін жұмыстарды қатысушы топтың ерекшелігіне қарай өзгерте аласыз).

Технологии педагогического взаимодействия

Б. МАМБЕТБАЕВА

Цель: формирование внутренней позиции, расширение зоны личной уверенности педагогов.

Ход тренинга:

1. Вступительное слово психолога;
2. Игра-приветствие;
3. Технология зарядка «Дюжина вопросов»;
4. Технология «Заверши фразу»;
5. Методика «Я – Другой, Карьера – Дело»;
6. Упражнение «Цвета достижений»;
7. Слайд «Мечта ...»

1. Игра-приветствие.

Участники встают и произносят стихотворение-приветствие, выполняя соответствующие действия:

Здравствуй, друг! Здравуются за руку.

Как ты тут! Хлопают по плечу друг друга.

Где ты был? Дергают за ушко друг друга.

Я скучал! Кладут руки себе на сердце.

Ты пришел! Разводят руки в стороны.

Хорошо! Обнимаются.

2. Технология зарядка «Дюжина вопросов»

Предлагаю систему вопросов, на которые отвечает одновременно каждый участник про себя, невербально, осуществляя соответствующие движения: «нет» топаем ногами, «ни да, ни нет» обычная поза стоя, «да» поднять руки вверх.

Вопросы могут быть следующего содержания:

1. Хорошее ли у вас настроение?
2. Нравится ли вам сегодня погода?
3. Есть ли у вас собака?

4. Умеете ли вы петь?
5. Любите ли вы хорошо одеваться?
6. Нравится ли вам готовить?
7. Есть ли у вас настоящие друзья?
8. Знаете ли вы физику?
9. Умеете ли вы пользоваться китайскими палочками?
10. Получаете ли вы удовольствие от прогулок пешком?
11. Умеете ли вы разговаривать более чем на двух языках?
12. Сильный ли вы человек?
13. Хотите что-то новое узнать?
14. Устраивает ли вас ваша зарплата?
15. Любите ли вы свою работу?

3. Технология «Заверши фразу»

Каждому участнику педагогического взаимодействия предлагается завершить какую-либо фразу. Например: 1 группе – «Я пришел сюда...»; 2 группе – «Значение этого события в том, что...»

4. Методика «Я – Другой, Карьера – Дело». Выбирая профессию, человек выбирает образ жизни. Это задание поможет вам уточнить, что для вас сегодня важно, а что – второстепенно. Оцените варианты ответов, поставив в клетках на пересечении номера вопроса и вариантов ответа (а, б, в, г) баллы от нуля за вариант, который вам безразличен до трех баллов за самый значимый для вас. Нельзя ставить одинаковые баллы в одной строчке!

1. Мне нравится:

- а) иметь много свободного времени;
- б) добиваться успеха во всех делах;
- в) делать подарки своим друзьям;
- г) находить красивое решение трудной задачи.

2. Мой девиз:

- а) «Работа не волк, в лес не убежит»;
- б) «Хочешь жить – умей вертеться»;
- в) «Что отдал, то твое»;
- г) «Хороший продавец и хороший ремонтник никогда не будут голодать».

3. Лучшая работа для меня – та, которая:

- а) не мешает мне жить своей жизнью;
- б) дает возможность быстрого продвижения по службе;
- в) нужна людям;
- г) интересна.

4. Счастье для меня – это:

- а) возможность жить в свое удовольствие;
- б) высокая должность и хорошая зарплата;
- в) благополучие моих друзей и близких;
- г) возможность заниматься любимым делом.

№	а	б	в	г
1				
2				
3				
4				
сумма				

Обработка результатов. Подсчитайте и запишите в нижней строчке сум-
му баллов по каждому столбцу (а, б, в, г):

9-12 баллов – ярко выраженная направленность личности;

5-8 баллов – умеренно выраженная направленность;

0-4 балла – направленность не выражена.

а) «Я». Для вас очень важно собственное спокойствие и благополучие. В этом нет ничего страшного, если вы находитесь на содержании богатых родственников. Однако следует помнить, что низкая активность, чрезмерная концентрация на себе и отсутствие потребности в деятельности могут быть признаками утомления или заболевания.

б) «Карьера». Вероятно, вам близки и понятны законы «рынка». В будущей профессии для вас важна возможность карьерного роста. Жизненный успех в вашем понимании – это высокооплачиваемая должность. Если для вас смысл жизни – карьера, вы рискуете растерять себя и близких в погоне за горизонтом.

в) «Другой». Вы относитесь к редкому типу людей, для которых интересы и благополучие других людей не менее важны, чем собственные. Ваш выбор говорит о личностной зрелости и душевном здоровье. Чем бы вы не занимались, ваше отношение к людям всегда будет для вас источником энергии и радости жизни.

г) «Дело». Какую бы деятельность вы не выбрали, вы будете успешным профессионалом. Главное, чтобы ваша профессия не закрывала от вас смысл жизни, не сводимый к работе.

5. Упражнение «Цвета достижений».

- Сегодня мы уточнили, что для нас важно. А теперь каждый из вас выберете цвета. Тех, кто выбрал зеленый лист, ожидает успех на сегодняшнем занятии.

Те, кто выбрал красный, – желают общаться.

Желтый – проявят активность.

Синий – будут настойчивы.

Помните, что все зависит от вас, ваших стремлений и ожиданий.

3. Завершение. Слайд «Мечта».

- Давайте будем довольствоваться тем, что у нас есть. Будем дорожить любимой работой, семьей. Все в ваших руках, ваши стремления и ожидания зависят от вас.

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АБДРЕШЕВА Айдана Сатканбаевна – «Т. Жароков атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің педагог-психологы. Жәнібек ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

АЛЖАНОВА Гульнара Дәулетхановна – Дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының педагог-психологы. Өскемен қаласы, Шығыс Қазақстан облысы.

АСЫЛХАНОВА Меруерт – Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, психол. ғ.д., МАНПО корреспондент-мүшесі. Алматы қаласы.

ЕСЕНҒАЗЫ Нұрлан Ізденұлы – Ақтөбе облысының бас биі, Баишев білім корпорациясының «Тағылым» күміс еріктілер клубы төрағасының орынбасары, Бопай ханым жоғары медициналық колледжінің оқытушысы, «Абзал жандар» отаншыл клубының төрағасы, Ардагерлер кеңесінің төрағасы, дәрігер, ұстаз. Ақтөбе қаласы.

ЗАУРЕНБЕКОВА Толқын Мұхаметбайқызы – №4 ОПМПК мемлекеттік мекемесінің психологы. Үшарал қаласы, Жетісу облысы.

ҚОРБАНОВА Нұржаһан Еркінқызы – «№22 орта мектебі» КММ-нің педагог-психологы. Ақбасты елді мекені, Арал ауданы, Қызылорда облысы.

ҚОСТАНОВА Мәншүк Шеркешбайқызы – Ойыл қазақ орта мектебінің педагог-психологы. Ойыл ауданы, Ақтөбе облысы.

МАМБЕТБАЕВА Бакыткул Жанатбековна – педагог-психолог КГУ «Средняя школа Аралтобе с дошкольным миницентром». Балхашский район, Алматинская область.

ОЛЖАБАЕВА Гулнафис Кадировна – «С. Жаңғабылов атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ»-нің педагог-психологы. Маңғыстау ауданы, Маңғыстау облысы.

СҮНДЕТБАЕВА Назыгүл Лепесқызы – №200 негізгі мектебінің психологы. Құмбазар ауылы, Арал ауданы, Қызылорда облысы.

ТОКСАНОВА Гулмира Мурзатаевна – Д. Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназия психологы. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.